

Қазақ спорт және туризм академиясы

ӘОЖ:796.0.11.:378

Қолжазба құқығында

**ЕРДАНОВА ГУЛШИРИН СЕРИКБАЙКЫЗЫ**

**Болашақ дене мәдениеті педагогының имидждік құзыреттілігін  
қалыптастыру**

6D010800 – Дене шынықтыру және спорт  
«8D014 – Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған  
педагогтарды даярлау»

Философия докторы (PhD)  
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:  
PhD докторы, қауымдаст.  
профессор Дошыбеков А.Б.

Шетелдік ғылыми кеңесші:  
PhD докторы,  
профессор Зорба Ердал  
(Анкара қ., Туркия)

Қазақстан Республикасы  
Алматы, 2024

## МАЗМҰНЫ

<b>НОРМАТИВТІ СІЛТЕМЕЛЕР.....</b>	<b>3</b>
<b>АНЫҚТАМАЛАР.....</b>	<b>4</b>
<b>БЕЛГІЛЕМЕЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....</b>	<b>6</b>
<b>КІРІСПЕ.....</b>	<b>7</b>
<b>1 БОЛАШАҚ ДЕНЕ МӘДЕНИЕТІ ПЕДАГОГЫНЫҢ ИМИДЖДІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....</b>	<b>17</b>
1.1 Болашақ дене мәдениеті педагогының имидждік құзыреттілігін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық астарлары.....	17
1.2 Болашақ дене мәдениеті педагогының имиджінің мәні, қызметі.....	31
<b>2 БОЛАШАҚ ДЕНЕ МӘДЕНИЕТІ ПЕДАГОГЫНЫҢ ИМИДЖДІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ПРОЦЕСІНІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ-МАЗМҰНДЫҚ МОДЕЛІ.....</b>	<b>51</b>
2.1 Болашақ дене мәдениеті педагогының имидждік құзыреттілігінің құрылымы.....	51
2.2 Болашақ дене мәдениеті педагогының имидждік құзыреттілігін қалыптастыру моделі.....	58
2.3 Цифрлық орта жағдайындағы болашақ дене мәдениеті педагогының дағдылар трансформациясы.....	67
<b>3 БОЛАШАҚ ДЕНЕ МӘДЕНИЕТІ ПЕДАГОГЫНЫҢ ИМИДЖДІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МОДЕЛІНІҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ.....</b>	<b>73</b>
3.1 Болашақ дене мәдениеті педагогының имидждік құзыреттілігін қалыптастырудың нақты жәй -күйі.....	73
3.2 Болашақ дене мәдениеті педагогының имидждік құзыреттілігін қалыптастырудың кешенді бағдарламасы .....	83
3.3 Болашақ дене мәдениеті педагогының имидждік құзыреттілігін қалыптастырудың кешенді бағдарламасының тиімділік динамикасы.....	95
<b>ҚОРЫТЫНДЫ.....</b>	<b>110</b>
<b>ПРАКТИКАЛЫҚ ҰСЫНЫСТАР.....</b>	<b>112</b>
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....</b>	<b>113</b>
<b>ҚОСЫМШАЛАР.....</b>	<b>127</b>

## НОРМАТИВТІ СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі заңнамалық-нормативті құжаттар пайдаланылған:

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы 27 шілде 2007 жыл, №129-VII ЗРК (соңғы өзгерістер мен толықтырулар 27.06.2022 ж.)

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 24 қазандағы № 487-IV Заңы.

Қазақстан Республикасының дене шынықтыру мен спорт саласын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №251 қаулысы.

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мәдениет, дене шынықтыру және спорт мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 395-VI ҚРЗ.

Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №293-VI ҚРЗ.

Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №248 қаулысы.

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін жалпы білім беру пәндері циклінің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 603 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 31 қазанда № 17651 болып тіркелді.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 27 шілдеде № 28916 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасы «Педагог» кәсіптік стандартын бекіту туралы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 19 желтоқсанда № 31149 болып тіркелді.

## АНЫҚТАМАЛАР

Берілген диссертацияда тиісті анықтамалары бар келесі терминдер қолданылады:

**Имидж** (ағылш. Image - «бейне», «изображение кескін», келбет) - бұқаралық коммуникация және психологиялық әсер ету құралдары арқылы қоғамдық немесе жеке санада қалыптасатын жасанды образ [1].

**Мұғалімнің бейнесі** - мұғалімнің бұл білім беру процесіне қатысушылар мен айналасындағы адамдардың санасында қалыптасқан белгілі бір стереотипі, ұжымдық бейнесі. Оқушылардың, әріптестердің және қоғамның басқа мүшелерінің санасында мұғалім бейнесін қалыптастыру кезінде белгілі бір қасиеттер басқалармен қарым-қатынаста бағаланады [2].

**Білім беру мекемесінің имиджі** - бұл мұғалімдердің, оқушылардың, ата-аналардың және білім беру процесінің басқа қатысушыларының ұйым туралы идеяларды қалыптастырудың мақсатты процесінің нәтижесі [3].

**Имиджмейкинг** – бұл белгілі бір қасиеттерге ие имидж құру, сонымен қатар мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін бұрыннан бар нәрсені өзгерту бойынша кәсіби қызмет [4].

**Дене мәдениеті** – адамдардың дене, мүсін сұлулығын, қимыл, қозғалыс үйлесімділігін, әдемілігін, дене қуатын жетілдіруге қолданылатын мемлекеттің, қоғамның материалдық және рухани байлығынан құралатын, халықтың жалпы мәдениетінің бір саласы [5].

**Педагогикалық имидж** - бұл ғылыми бағыт, оның пәні педагогикалық процесс субъектілерінің (педагогикалық қызметкерлер, білім беру қызметін көрсететін мекемелер мен ұйымдар, еліміздегі білім беру жүйесі) бейнесін қалыптастырудың теориясы мен тәжірибесі болып табылады [6].

**Дене тәрбиесі** – тәрбие процесінің бір түрі, ерекшелігі қозғалыс әрекеттерін үйренуде, дамытуды басқаруда және дене қасиеттерін қалыптастыруда адамды тәрбиелеу [7].

**Кәсіпорын имиджі** - әсерлер жиынтығы, тауардың (қызметтің), тауарды (қызметті) дайындайтын немесе сататын фирманың «бейнесі (образы)». Кәсіпорын имиджі компанияның нарықтағы орнын, сатып алушының брендке адалдығын қамтамасыз етеді [8].

**Ұжымдық имидж** - клиенттер мен серіктестерге эмоционалды-психологиялық әсер етуден басқа, қоғамдық пікірге әсер етуде, іскерлік белсенділіктің нәтижелерін өзгертетін және, ең бастысы, тұрақты беделді қамтамасыз ететін үлкен әлеуметтік рөл атқаратын күрделі құбылыс [9].

**Дене дайындығы** - белгілі бір іс-әрекетке байланысты мақсатты орындауға бағытталған дене тәрбиесінің мамандандырылған процесі [10].

**Дене мәдениеті және спорт** – адамдардың оптималды дене дамуы, қоғамдық тұлғаны сипаттайтын адамгершілік қасиеттерін қатар тәрбиелейтін әр адамға тән дене қасиеттерді жетілдіру мүмкіндіктерін іске асыру [11].

**Имиджмейкер** - берілген нысандардың имиджін құрумен және түрлендірумен кәсіби түрде айналысатын адам. Имиджмейкер тек сыртқы

келбеті мен стилімен ғана емес, сонымен қатар ауызша және вербалды емес құрылымдармен, сөйлеумен, клиенттердің әдептілігімен жұмыс істейді, мәтіндерді, көпшілік алдында сөйлеу мәнерін әзірлеуге жауап береді, көбінесе тапсырыс берушінің бүкіл жарнамалық немесе сайлау науқанын жүргізеді [6, б. 87].

**Құзыреттілік** - белгілі бір әлеуметтік-кәсіби салада нақты адамның білімі, дағдылары мен тәжірибесінің қабылданған стандартқа сәйкестік дәрежесі. Адамның осы құзыреттерді дамыту дәрежесі ол шешетін міндеттердің күрделілік деңгейіне байланысты [12].

**Имидждік құзыреттілік** - болашақ дене мәдениеті педагогына имиджмейкинг қызметін тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін танымдық, мотивациялық және белсенді құрылымдар жүйесі болып табылатын тұлғаның қасиеттері мен сапасының жиынтығы. Бұл құзыреттіліктің қалыптасуы іс-әрекеттегі тәжірибені жетілдіруге және оның ауқымын кеңейтуге дайын екендігін, қабілеттілігін көрсетеді [13].

**Педагогтың кәсіби имиджі** - бұл білім беру процесінің басқа қатысушыларына әсер етуді, психологиялық әсер етуді білетін кәсіби мұғалімнің қасиеттерін сипаттайтын ұжымдық эмоционалды-бояулы бейнесі [14].

**Болашақ дене мәдениеті педагогының имидждік құзыреттілігі** - субъектінің өзін-өзі жобалау мен өзін-өзі жетілдірудің күрделі жүйесін көрсете отырып, өзінің кәсіби шеберлігін басқара білуі, бастамашылдықты, ұтқырлықты, адамның өмірлік оптимизмін, жаңа жұмыс істеуге деген ұмтылысты сәтті жүзеге асыруды басқаруға дайындығы, басқалармен тұрақты және үйлесімді қарым-қатынас құрудың тиімді әдістері мен құралдарын меңгеруді қамтамасыз етуі [15].

## БЕЛГІЛЕМЕЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТАУЛАР

ЖОО - Жоғары оқу орны

БТ - Бақылау тобы

ЭТ - Эксперименттік топ

ДШ - Дене шынықтыру

ДМ – Дене мәдениеті

ДШжС - Дене шынықтыру және спорт

СӨЖ - Студенттердің өзіндік жұмысы

СОӨЖ - Студенттердің оқытушымен өзіндік жұмысы

ЭЫДҰ – Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымында

$\bar{X}$  - орташа арифметикалық мәні

$S_{\bar{x}}$  - орташа арифметикалық мәннің стандартты қателігі

$n$  - респонденттер саны

$T$  - Уилкоксонның  $t$ -критерийі

$\chi^2$  - хи-квадрат, келісім критерийі

## КІРІСПЕ

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі.** Заманауи әлеуметтік-демократиялық қайта құрулар Қазақстан Республикасындағы дене мәдениеті және спорт саласы бойынша жоғары білім беруді ұйымдастыруға жаңа талаптар қояды. Қазіргі қоғамға сыни ойлауы бар, шығармашылық және туындаған мәселелерді шешуге стандартты емес заманауи мамандар қажет, бұл болашақ мамандарды даярлауға ерекше талаптар қояды. Болашақ дене мәдениеті педагогтерін даярлау процесі де осы есепте.

Сонымен бірге, еңбек нарығындағы бәсекелестік жағдайында кәсіби дағдылар өздігінен дене мәдениеті педагогіне кәсіби шеберліктің табысты жүзеге асыруын қамтамасыз етіп, қолайлы беделін көтере алмайды. Ол үшін дене мәдениеті педагогы өзін көпшілікке, атап айтқанда оқушыларға, әріптестеріне, басшылыққа, ата-аналарына таныстыра білуі керек. Дене мәдениеті педагогы өзінің имиджі бойынша жұмыс жүргізуі керек, яғни оның кәсіби және жеке қасиеттерінің көрінісі болып табылатын өзіндік бір қоғамдық портрет жасауы қажет.

Осы тұста бүгінгі таңда білім беру білім қызметінің бір саласына, ал білім алушы өзінің білім беру траекториясын тандайтын білімгер - қолданушыға айналатынын атап өткен жөн.

Қазақстан республикасының 2019 жылғы «Педагог мәртебесі туралы» Заңында: «Қазақстан Республикасында педагогтың кәсіби қызметін жүзеге асыруға арналған жағдайларды қамтамасыз ететін оның ерекше мәртебесі танылады» -деп нақтыланған [16].

Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Әділетті Қазақстан құру ісінде мұғалімдердің рөлі айрықша екені сөзсіз. Мемлекетімізде соңғы жылдары ұстаз мамандығының абырой- беделін арттыру үшін көп жұмыс жасалды. Дегенмен, бұл бағытта әлі де біршама өзгерістер жасау қажет» - деп білім беру саласына нақты міндеттер айқындаған [17].

Сонымен бірге, Қазақстан Республикасының дене шынықтыру мен спорт саласын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдаманың күтілетін нәтижесі ретінде «жаттықтырушы, жаттықтырушы-оқытушы мамандығының беделін арттыру» -деп жоспарланған [18].

Белгілі болғандай, кәсіби дағдылар мен кәсіби құзыреттілік педагогикалық қызметтің сәттілігін қамтамасыз етпейді және лайықты бедел тудырмайды. Ол үшін педагог білім алушы аудиторияны, басшыларды, әріптестерді өзіне тарта білуі керек, яғни өзінің қайталанбас, бірегей кәсіби имиджін жасауы қажет.

Жоғарыда айтылғандар заманауилық, әлеуметтік қоғам, мемлекет мұғалімнің кәсіби қызметінің оң нәтижесін, жоғары беделін, үлкен маңыздылығын мойындайтынын растайды.

Ікемділік, ашықтық және мейірімділік танытатын мұғалімнің жағымды бейнесін қалыптастыру мұғалімге, соның ішінде дене мәдениеті педагогіне қажетті эмоционалды-психологиялық тұрғыдан жайлы оқу жағдайларын

жасауға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде мұғалімге білім беру процесіне қатысушылардың барлығының қызметін үйлестіру, олардың психикалық күйлерін реттеу, оларды интеллектуалды және эмоционалды қауымдастықтарға біріктіру мен сол арқылы қойылған педагогикалық міндеттерге қол жеткізу бойынша іс-әрекеттерді тиімді орындауға мүмкіндік береді.

Бұл тұрғыдан алғанда, педагогтың имиджін қалыптастыру – болашақ дене мәдениеті педагогының білім беру процесін басқаруға қажетті және жекебасылық қасиеттермен қаруландыру болып табылады. Мұғалімнің кәсіби әлеуметтік маңызды кәсіптер санатына жатады, оның тиімділігі оң имидж бен беделдің болуымен анықталады. Бұл бейне неғұрлым айқын болса, мұғалімнің мойындауы мен беделі соғұрлым айқын болады.

Сонымен қатар, имиджді байланыс құралы ретінде қарастыруға болады. Оқу процесінде қарым-қатынас орнату кезінде имидж студенттерге мұғалімнің түсінікті сигналдарын ғана емес, сонымен қатар білімалушының оқуға дайындығына әсер етуі мүмкін тәрбиешінің сыртқы түрі мен мінез-құлқы сияқты сырттай байқалмайтын, сенімділігі жоғары сигналдарды қабылдауға мүмкіндік беретін құрал ретінде пайдаланылады.

Имиджді әлеуметтік факт ретінде қарастыра отырып, біз оны қалыптастыру үрдісін, ең алдымен, болашақ мұғалімнің педагогикалық менеджментті жүзеге асыруы үшін қажетті қасиеттерді табиғи, әлеуметтік тұрғыдан игеруі деп санаймыз.

Біздің ойымызша, педагогтің ерекше мәртебесі оның оң имиджін қалыптастырумен қамтамасыз етілуі мүмкін. Сондықтан зерттеудің бұл мәселесі сұранысқа ие және өзекті болып табылады.

Имидж, біздің ойымызша, бәсекеге қабілеттіліктің, мұғалімнің еңбек нарығында ілгерілуінің элементі болып табылады.

*Берілген жұмыстың басқа ҒЗЖ мен әртүрлі мемлекеттік және халықаралық бағдарламалармен байланысы.*

Қазақстан Республикасының дене шынықтыру мен спорт саласын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 251 қаулысы [18 б. 1] және «Педагог мәртебесі туралы» - Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 тамыздағы № 645 қаулысын жүзеге асырылуы мен байланысты [16 б.3].

Имиджді қалыптастыру мәселесіне саясаттанушылар мен әлеуметтанушылар үлкен қызығушылық танытады. «Имидж» санатын қолдана отырып жасалған ғылыми әзірлемелер көшбасшылық мәселесімен байланысты және негізінен саясаткерлердің имиджін зерттеуге бағытталған [19].

Имидждің мәні, имиджмейкинг технологиялары ұзақ уақыт бойы саясаттану және әлеуметтану саласындағы мамандардың мүддесінде болды.

Соның ішінде саясаттану саласындағы мамандардың мүдделері саласында көшбасшылық мәселелерін зерделеу мен саяси қайраткерлердің имиджін қалыптастыру болды.



Психология шеңберіндегі имидж феноменін Э.Ф. Зеер [20] А.Н. Леонтьев [21], А.К. Маркова [22], А.Ю. Панасюк [23], Е.Б. Перельгина [24], Р.Ф. Ромашкина [25], А.П. Федоркина [26], А. А. Калюжный [27] қарастырды.

Әлеуметтік психология тұрғысынан имиджді В.С. Агеев [28], Г.М. Андреева [29], Ф. Зимбардо [30], М. Ляйппе [31], Б.Ф. Ломов [32], Д. Майерс [33] зерттеді.

Ғылыми әзірлемелерде имиджді бағытты қалыптастырудың басым жағдайларын негіздеуге, жеке имиджді құру технологиясын әзірлеуге әрекет жасалды:

- Д.Е. Братышев тележүргізушінің жекебасылық бейнесін модельдеу технологиясын [34].

- Р.Ф. Фуре саяси көшбасшының имиджін оңтайландырудың психологиялық құрылымы мен жолдарын [35].

- В.М. Шепель мұғалімнің кәсіби имиджін қалыптастыру [19, б. 250].

- С.Е.Ананьева мемлекеттік қызметте көшбасшы имиджін қалыптастырудың әдіснамалық және әдістемелік тәсілдеріне негіздеме береді [36].

- В.Н. Черепанова. педагогтың оң имиджін қалыптастыру және пайдалану әдістемесін әзірлейді [37].

- М.В. Апраксина мектепке дейінгі тәрбиешінің имиджін бағытты қалыптастырудың басым шарттарының негіздемесін айқындайды [38].

- Е.А. Орлова мемлекет қайраткерінің оң имиджін қалыптастырудың және оңтайландырудың әлеуметтік-психологиялық әдістерін жинақтайды [39].

- А.Ш. Санатулова кәсіподақ жетекшісіне оның ең жақын әлеуметтік серіктесі тарапынан имиджін қалыптастыру әдістемесі негізінде қарым-қатынасқа талдау жүргізеді [40].

- В.Г. Купцова болашақ дене мәдениеті мұғалімінде имидждік құзыреттілікті қалыптастыру теориясы мен әдістемесіне сараптама жүргізеді [41].

- Г.К. Кусаметова жоғары оқу орындарында оқытушы имиджін қалыптастырудың педагогикалық ерекшеліктерін ашады [42].

Біз үшін келесі мәселелер қарастырылатын жұмыстар маңызды болды, атап айтқанда: спортшы имиджінің мәні, құрылымы және мазмұны (Е.В. Поздышев [43]), спорт жаттықтырушысы имиджін қалыптастыру (Т.Н. Бушуева [44]), болашақ күрес жаттықтырушысы және оны оңтайландырудың педагогикалық тетіктері (О.Б. Завьялова [45]); болашақ дене мәдениеті педагогының кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру (В.В. Абрамова [46] , В.И. Маслов [47] және т. б.).

Алайда, имидждік құзыреттіліктің әртүрлі салаларын белсенді түрде дамыта отырып, болашақ дене мәдениеті педагогының имидждік құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі әлі арнайы зерттеу тақырыбына айналмағанын көре аламыз.

Сонымен қатар, әдебиеттерде «имидждік құзыреттілік» терминінің өзі өте сирек кездеседі, бұл ұғым сөздіктер мен энциклопедияларда кездеспейді,

Болашақ мұғалімнің, оның ішінде болашақ дене мәдениеті педагогының имидждік құзыреттілігін қалыптастырудың мазмұнын, әдістері мен технологияларын ашатын еңбектер жоқтың қасы.

Ғылыми -педагогикалық, арнайы әдебиеттерді теориялық талдау және болашақ дене мәдениеті педагогының имидждік құзыреттілігін қалыптастырудың практикалық мәселелері келесі **қарама -қайшылықтарды** айқындауға мүмкіндік берді:

- болашақ дене мәдениеті педагогының имидждік құзыреттілігін қалыптастыру міндеті мен оны университетте шешудің теориялық және педагогикалық негіздерінің жасалмауы арасында;

- болашақ дене мәдениеті педагогының дайындық деңгейіне қойылатын талаптардың өсуі мен олардың имидждік құзыреттілігінің осы талаптарға сәйкес келмейтін нақты деңгейі қатысында.

Сонымен бірге, әртүрлі ғылыми әдебиеттер мен озық педагогикалық тәжірибеге жүргізілген сараптама қазіргі уақытта педагог имиджіне деген қызығушылықтың артуына қарамастан, болашақ дене мәдениеті педагогының имидждік құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі теориялық тұрғыдан да, іс жүзінде де жеткілікті дәрежеде қамтылмағанын көрсетеді.

Осы мәселенің шешімін іздеу **«Болашақ дене мәдениеті педагогының имидждік құзыреттілігін қалыптастыру»** деп, зерттеу тақырыбын анықтап берді.

**Зерттеу мақсаты:** болашақ дене мәдениеті педагогының имидждік құзыреттілігін қалыптастыру моделін құру және эксперименталды түрде сынақтан өткізу.

**Зерттеу нысаны** - дене мәдениеті педагогының кәсіби дайындық жүйесі.

**Зерттеу пәні** - болашақ дене мәдениеті педагогының имидждік құзыреттілігін қалыптастыру моделі.

**Зерттеу міндеттері:**

1. Болашақ дене мәдениеті педагогының имидждік құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі бойынша отандық және шетелдік зерттеулерге талдау жүргізу.

2. «Имидж», «болашақ дене мәдениеті педагогының имидждік құзыреттілігі» ұғымдарының мәні мен мазмұнын нақтылау.

3. Болашақ дене мәдениеті педагогының имидждік құзыреттілігін қалыптастыру моделін құру, компоненттерін, көрсеткіштерін және деңгейлерін анықтау.

4. Болашақ дене мәдениеті педагогының имидждік құзыреттілігін қалыптастырудың мазмұнын, әдістерін, формаларын жобалау, тиімділігін тәжірибелік сынақтан өткізу.

**Зерттеу болжамы.** *Егер:* болашақ дене мәдениеті педагогының имидждік құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық негіздері анықталса; «имидж», «болашақ дене мәдениеті педагогының имидждік құзыреттілігі» ұғымдарының мәні мен мазмұны нақтыланса; болашақ дене мәдениеті педагогының имидждік

құзыреттілігін қалыптастыру моделі әзірленсе, *онда* болашақ дене мәдениеті педагогының имидждік құзыреттілігін қалыптастыру тиімді және педагогикалық тұрғыдан орынды болады, *өйткені* білім беру үрдісінің мазмұны басқалармен тұрақты және үйлесімді қарым-қатынас орнату мен олардың кәсіби шеберлігінің сәтті іске асырылуын басқаруға дайындығын дамытуға негізделеді.

**Зерттеудің жетекші идеясы:** болашақ дене мәдениеті педагогының имидждік құзыреттілігін қалыптастыру, айналасындағы субъектілердің мінез-құлқына күшті мотивациялық ынталандыру ретінде әрекет ету кәсіби шеберлікті, бәсекеге қабілеттілікті дамытуды, үйлесімді топтық өзара әрекеттесудің тиімділігін және бәсекелестік қызметтің тиімділігін арттыруды қамтамасыз етеді.

**Зерттеудің теориялық-әдістемелік базасы.** Зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде қарастырылған тәсілдер: үйлесімді тұлғасы туралы философиялық идеялар, білім берудің, танымның және тұлғаның дамуының психологиялық және педагогикалық тұжырымдамалары, тұлғаның дамуына гуманистік көзқарас тұжырымдамалары, психология саласындағы белсенді тәсіл қағидалары, маман даярлауға құзыреттілік тәсілінің тұжырымдамасы, синергетикалық.

Аталмыш тәсілдер бізді қызықтыратын жүйелерді табиғат пен қоғам дамуының жалпы заңдары тұрғысынан қарастыруға, сондай-ақ зерттеу нысаны мен тақырыбын қоршаған ортамен өзара әрекеттесетін, басқарылатын және дамитын жүйелер ретінде ұсынуға мүмкіндік береді.

**Зерттеу көздері.** Қазақстан Республикасының «Дене шынықтыру және спорт туралы» 03.07.2014 ж. заңы, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI «Педагог мәртебесі туралы» Заңы, «Педагогтың кәсіби стандарты» «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, 2017 жылғы 8 маусымдағы № 133 бұйрығы.

**Зерттеу әдістері:** мәселені әзірлеу барысында *теориялық* (зерттелетін мәселенің барлық салалары бойынша ғылыми еңбектерді зерттеу және оларға талдау жүргізу, болашақ дене мәдениеті педагогының имидждік құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі бойынша нормативтік құжаттарды қарастыру; алынған ақпаратты талдау және жіктеу, оны жалпылау, зерттелетін үрдісті модельдеу), *эмпирикалық* (ЖОО-дағы педагогикалық үрдісті бақылау, ЖОО студенттерімен және оқытушыларымен сұхбаттасу, сауалнама жүргізу, тестілеу, студенттер іс-әрекетінің өнімдерін зерделеу, айқындаушы эксперимент, қалыптастыру мен бақылау эксперименті) және зерттеу нәтижелерін *өңдеу әдістері* (деректерді статистикалық өңдеуден өткізу, алынған зерттеу нәтижелерінің сапалық, сандық сараптамасы).

**Зерттеудің негізгі нәтижелері:**

1. Болашақ дене мәдениеті педагогының имидждік құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі бойынша отандық және шетелдік зерттеулерге талдау жүргізілді.

2. «Имидж», «болашақ дене мәдениеті педагогының имидждік құзыреттілігі» ұғымдарының мәні мен мазмұны нақтыланды.

3. Болашақ дене мәдениеті педагогының имидждік құзыреттілігін қалыптастыру моделі құрастырылды, компоненттері, көрсеткіштері мен деңгейлері анықталды.

4. Болашақ дене мәдениеті педагогының имидждік құзыреттілігін қалыптастырудың мазмұны, әдістері, формалары жобаланды, тиімділігі тәжірибелік сынамадан өткізілді.

#### **Зерттеудің теориялық маңыздылығы:**

1. Болашақ дене мәдениеті педагогының имидждік құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі бойынша отандық және шетелдік зерттеулерге талдау жүргізілді.

2. «Имидж», «болашақ дене мәдениеті педагогының имидждік құзыреттілігі» ұғымдарының мәні мен мазмұны нақтыланды.

3. Болашақ дене мәдениеті педагогының имидждік құзыреттілігін қалыптастыру моделі құрастырылды, компоненттері, көрсеткіштері мен деңгейлері анықталды.

#### **Зерттеудің практикалық маңыздылығы:**

- теориялық, психологиялық, цифрлық бөлімдерден тұратын «Болашақ педагог имиджінің шеберханасы» кешенді бағдарламасы әзірленді;

- «Заманауи дене мәдениеті педагогының имиджі» элективті курсы әзірленіп, тәжірибеге енгізілді;

- мотивациялық, психологиялық тренингтерден құралатын тренинг залы енгізілді;

- Педагогтің виртуалды зертханасы онлайн іс-шаралары, «Имидж-табысқа апарар жол», «Өзін-өзі жарнамалау-табыс стратегиясы» вебинарлары ұйымдастырылды.

- «Болашақ дене шынықтыру мұғалімінің имидждік құзыреттілігінің негіздері» оқу-әдістемелік құралы әзірленді.

**Зерттеу кезеңдері.** Зерттеу жұмыстары 2017-2024 жылдар аралығында жүргізілді және шартты түрде келесі кезеңдерге бөлінді.

**Бірінші кезең (2017-2018 жж.)** – теориялық-сараптамалық: қарастырылатын мәселенің ғылымдағы жай-күйін зерделеу (болашақ дене мәдениеті педагогының имидждік құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі бойынша психологиялық-педагогикалық және философиялық әдебиеттерді, авторефераттар мен диссертациялық жұмыстарды зерделеу жүзеге асырылды, мұғалімдердің іс-тәжірибесі талданды); нормативтік құжаттарға, жұмыс бағдарламалары мен оқу жоспарларына талдау жүргізілді; ұғымдық-санатты және ғылыми аппаратты (зерттеу нысаны мен пәні, оның мақсаты, міндеттері, болжамы мен әдістері) айқындау; зерттеу тақырыбы бойынша материал жинақтау: жүйелеу мен теориялық ұғыну.

**Екінші кезең (2018-2019 жж.)** - эксперименттік: айқындаушы эксперимент, диагностикалық құралдарды іріктеу, диагностика жүргізу. Бұл кезеңде эксперименттік жұмыс бағдарламасы жасалып, болашақ дене мәдениеті педагогының имидждік құзыреттілігін қалыптастырудың кешенді бағдарламасын жүзеге асыруға бағытталған эксперименттің қалыптастырушы кезеңі өткізілді.

**Үшінші кезең (2019-2024 жж.)** – қорытынды: бұл кезеңде зерттеу жұмыстары барысында алынған нәтижелерді талдау және қорытындылау жүргізілді; тұжырымдар, ұсынымдар, қорытынды жасалынды; диссертация мәтінін ресімдеу жүзеге асырылды. Алынған нәтижелер статистикалық өңдеуден өткізілді, кестелер, модельдік сипаттамалар жасалды, графикалық суреттер салынды.

Зерттеу мәселесі аясында ғылыми жарияланымдарды баспадан шығару жүзеге асырылды.

#### **Қорғауға ұсынылатын қағидалар:**

1. Болашақ дене мәдениеті педагогының имидждік құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі бойынша қазақстандық және шетелдік ғылыми философиялық, психологиялық-педагогикалық және арнайы зерттеулерге талдау жүргізілді.

2. Болашақ дене мәдениеті педагогының имиджі - білім беру үрдісіндегі кәсіби жетістікке жетудің мақсатты іс-әрекетімен субъект-субъектілік қатынастарды үйлесімді құруға әсер ететін барлық қатысушылармен (әріптестер, оқушылар, ата-аналар, басшылық) жүзеге асырылатын педагогикалық ықпалдың динамикалық, икемді құралы.

Болашақ дене мәдениеті педагогының имиджінің құрылымы: құндылықтар, сыртқы бейнесі, қарым-қатынасқа тез түсе білу қабілеті, кәсіби және өмірлік тәжірибесі, жекебасылық қасиеттері.

Болашақ дене мәдениеті педагогының имидждік құзыреттілігі – субъектінің жеке тәжірибені өзіндік жобалаудың және өзіндік жетілдірудің күрделі жүйесін көрсететін, бастамашылдықты, ұтқырлықты, адамның өмірлік оптимизмін, жұмыс істеуге және жаңашылдыққа деген ұмтылысты, басқалармен тұрақты және үйлесімді қарым-қатынас құрудың тиімді әдістер мен құралдарды меңгере отырып, өзінің кәсіби шеберлігін сәтті жүзеге асыруын басқара білуге дайындығы.

3. Болашақ дене мәдениеті педагогының имидждік құзыреттілігін қалыптастыру үрдісінің бөлімді (басқару, әдіснама, мазмұн және нәтиже) құрылымдардың белгілі бір жиынтығын қамтитын жобаланған моделі.

Болашақ дене мәдениеті педагогының имидждік құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдары (құндылықты-мотивациялық, когнитивті-мазмұндық, рефлексивті-әрекеттік), көрсеткіштері мен деңгейлері (ілгерілі, жеткілікті, сыни).

4. Теориялық, психологиялық және цифрлық бөлімдерден («Заманауи дене мәдениеті педагогының имиджі» элективті курсы, тренинг залы,

педагогтің виртуалды зертханасы және вебинарлар) тұратын «Болашақ педагог имиджінің шеберханасы» әзірленген кешенді бағдарламаның мазмұны.

**Апробация және енгізу:** эксперименттік жұмыс Қазақ спорт және туризм академиясында алдын-ала сынамадан өткізілді. Бұл дәлелдемелі экспериментке барлығы 131 студент қатысты.

**Зерттеу нәтижелерінің сенімділігі, мақұлдануы, тәжірибеге ендірілуі** талапқа сай әдіснамалық және теориялық қағидалармен, зерттеу пәнімен сәйкес әдіс-тәсілдерді қолданумен, эксперимент бағдарламасының мақсатқа сәйкестілігімен, бастапқы және соңғы көрсеткіш нәтижелерінің қорытындыларымен қамтамасыз етілді.

**Диссертацияның көлемі мен құрылымы** – аталмыш диссертация кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Жұмыс 126 беттен, 32 сурет пен 27 кестеден тұрады. Диссертациялық жұмысты жазу барысында 209 ғылыми және арнайы әдебиеттер пайдаланылды.

**Кіріспе бөлімінде** зерттеудің ғылыми аппараты, тақырыптың өзектілігі, зерттеу жұмысының мақсаты, пәні, нысаны, болжамы мен міндеттері, әдіснамалық негіздері, жетекші идеясы, зерттеу әдістері мен кезеңдері, зерттеу базасы, зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық маңыздылығы, практикалық маңыздылығы, қорғауға ұсынылатын қағидалары, зерттеу нәтижесінің дәлелділігі, оның мақұлдануы, тәжірибеге енгізілуі баяндалады.

**«Болашақ дене мәдениеті педагогының имидждік құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық негіздері»** атты бірінші тарауда зерттеу мәселесі бойынша философиялық, педагогикалық, психологиялық, арнайы еңбектерге теориялық талдау жасалынып, контент-талдау әдісі негізінде «имидж», «болашақ дене мәдениеті педагогының имидждік құзыреттілігі» ұғымдарының мәні мен мазмұны нақтыланды.

Екінші **«Болашақ дене мәдениеті педагогының имидждік құзыреттілігін қалыптастыру процесінің құрылымдық-мазмұндық моделі»** атты тарауында болашақ дене мәдениеті педагогының имидждік құзыреттілігінің құрылымы, болашақ дене мәдениеті педагогының имидждік құзыреттілігін қалыптастыру моделі және цифрлық орта жағдайындағы болашақ дене мәдениеті педагогының дағдылар трансформациясы қарастырылды.

**«Болашақ дене мәдениеті педагогының имидждік құзыреттілігін қалыптастыру моделінің жүзеге асырылуы»** атты үшінші бөлімінде болашақ дене мәдениеті педагогының имидждік құзыреттілігін қалыптастырудың нақты жәй -күйі, болашақ дене мәдениеті педагогының имидждік құзыреттілігін қалыптастырудың кешенді бағдарламасы, болашақ дене мәдениеті педагогының имидждік құзыреттілігін қалыптастырудың кешенді бағдарламасының тиімділік динамикасы келтірілген.

**Қорытынды** бөлімінде зерттеу барысында тұжырымдалған қорытынды мен практикалық ұсыныстар берілген.

**Зерттеу нәтижелерінің мақұлдануы:** зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары, теориялық және практикалық нәтижелері халықаралық конференцияларда талқыланды:

- I Халықаралық ғылыми-практикалық конференция «Бейімдік дене шынықтыру және спорт»: – Нур-Султан: ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, 2019.

- ҚазСТА-ның 75 жылдығына арналған «Университеттік спорт: денсаулық және ұлттық өркендеу» атты IX студенттер мен жас ғалым халықаралық ғылыми конференция, 2019.

- Ұлы Отан соғысының 75 жылдық Жеңісіне арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция: Алматы, 2020.

- «Ж. Жабаев және сын-қатерлер дәуіріндегі ұлттық тәрбие мәселелері» атты халықаралық ғылыми -тәжірибелік конф. – Алматы, 2021.

**Жарияланымдар:** диссертациялық жұмыс тақырыбы бойынша барлығы 11 ғылыми еңбек жарық көрген. оның ішінде ҚР ҒЖБМ, Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің ұсынған ғылыми басылымдарда 4 мақала, 1 мақала Scopus базасына енген шет елдік басылымда, 5 мақала халықаралық конференциялар материалдары жинақтарында жарияланған 1- болашақ дене мәдениеті педагогының имидждік құзыреттілігін қалыптастыруда «Болашақ дене шынықтыру мұғалімінің имидждік құзыреттілігінің негіздері» оқу әдістемелік құрал жарық көріп, соның негізінде авторлық құқық объектісін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік алынды (қосымша А).

**Докторанттың жарияланған мақалаларды дайындауға қосқан үлесі:**

(Scopus) дерекқорына кіретін журналда -

1. Yerdanova G., Ilyassova A., Adambekov K., Abdreimova K., Doshybekov A. La imagen del futuro profesor de cultura física en Kazajstán (The image Making of the Future Physical Culture Teacher in Kazakhstan) // Copyright: Federación Española de Asociaciones de Docentes de Educación Física (FEADEF) ISSN: Edición impresa: 2024, Retos, 51, 141-148– 2024. – Vol. 17, Iss. 5. – P. 1715-1726. DOI: <https://doi.org/10.47197/retos.v51.100357> **SCOPUS** білім бойынша процентилі – 64.

Авторлардың үлесі: жұмыс идеясы, зерттеу жүргізу, деректерді жинау және өңдеу, мақала жазу – Ерданова Г.; кеңес беру және мақаланы редакциялау – Илясова А., Адамбеков К., Абдреймова К.; теориялық талдау үшін материал дайындау – Дошыбеков А.

ҚР ҒЖБМ ҒЖБСҚК ұсынған журналында:

2. Ерданова Г.С., Дошыбеков А.Б., Катчибаева А.С. Болашақ дене мәдениеті педагогының имиджінің мазмұнды сипаттамасы. Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі. Ғылыми-теориялық журнал. Алматы, 2019. - № 3(57). 25-30 Б.

Авторлардың үлесі: жұмыс идеясы, зерттеу жүргізу, деректерді жинау және өңдеу, мақала жазу – Ерданова Г.С.; кеңес беру және мақаланы редакциялау – Дошыбеков А.Б.; теориялық талдау үшін материал дайындау – Катчибаева А.С.

3. Дошыбеков А.Б., Ерданова Г.С. Болашақ дене мәдениеті мәдениетінің имиджік құзыреттілігін қалыптастырудың компоненттері мен көрсеткіштері // Абай атындағы ҚазҰПУ-ң ХАБАРШЫСЫ «Педагогика ғылымдары». – 2019. - № 4 (64). Б. 273-277

*Автордың үлесі:* жұмыс идеясы, экспериментті жоспарлау және өткізу, деректерді жинау және өңдеу, мақала жазу – Ерданова Г.С.; кеңес беру, мақаланы редакциялау – Дошыбеков А.Б.

4. Yerdanova G., Doshybekov A., Ulukbekova A. The concept and meaning of the «image» // Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі: ғылыми-теориялық журнал, Алматы, 2020.- № 1(59). 6-10 Б.

*Авторлардың үлесі:* жұмыс идеясы, зерттеу жүргізу, деректерді жинау және өңдеу, мақала жазу – Ерданова Г.С.; кеңес беру және мақаланы редакциялау – Улукбекова А.О.; теориялық талдау үшін материал дайындау – Дошыбеков А.Б.

5. Ерданова Г.С., Лесбекова Р.Б., Улукбекова А.О., Унтаев К.К., Укешов Х.Қ. Болашақ дене мәдениеті педагогының «бейнесін» қалыптастырудағы маңызы // Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі: ғылыми-теориялық журнал, Алматы, 2023.- № 3 (73). 17-22 Б.

*Авторлардың үлесі:* жұмыс идеясы, зерттеу жүргізу, деректерді жинау және өңдеу, мақала жазу – Ерданова Г.С.; кеңес беру және мақаланы редакциялау – Лесбекова Р.Б., Улукбекова А.О. Унтаев К.К.; теориялық талдау үшін материал дайындау – Укешов Т.



# **1 БОЛАШАҚ ДЕНЕ МӘДЕНИЕТІ ПЕДАГОГЫНЫҢ ИМИДЖДІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

## **1.1 Болашақ дене мәдениеті педагогының имидждік құзыреттілігін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық астарлары**

Аталмыш бөлімде болашақ дене мәдениеті педагогының имидждік құзыреттілігін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық астарларын ашуға, білім беру үрдісіне құзыреттілік тәсілді енгізу қажеттілігіне негіздеме беріледі.

Жоғары мектеп түлегі технологияларды, ақпараттық орта мен қоғамды дамытудың жедел қарқынынан туындаған заманауи талаптарға сай болуы тиіс. Құзыреттілікке негізделген білім, Ж. Делор UNESCO-ғы (1996) баяндамасында «танымдылықты үйрену, жасауды үйрену, бірге өмір сүруді үйрену, өмір сүруді үйрену» [48] деп нақты атап кеткен мақсатқа жететін түлекті қалыптастыруы тиіс.

АҚШ табысты кәсіпқойдың қасиеттерін анықтау үшін «құзыреттілік» ұғымын қолдана бастаған алғашқы елдердің бірі болып табылады. Құзыреттіліктерде тек алынған және игерілген білімді ғана емес, теориялық және практикалық міндеттерді шешуге өз бетінше және шығармашылықпен қарай алатын кәсіпқойға қойылатын талаптар көрініс тапты.

Құзыреттілікті қалыптастыру қажеттілігі заманауи маманның ақпараттың үлкен ағымдарын түсінуі, жетіспейтін білімді таба білуі, өз бетінше үйренуі, кәсіби білімнің жетіспеушілігін толтыра алуы, шешім қабылдай білуі, жауапкершілікті өз мойнына алуы және белгілі бір жағдайларда қажетті шешімдер қабылдауы керек екендігімен негізделген [49].

Еуропалық білім беру қорының терминдер глоссарийінде құзыреттілікке келесідей анықтама беріледі:

1. Қандай да бір нәрсені жақсы немесе керемет жасау мүмкіндігі.
2. Жұмысқа орналасу кезінде қойылатын талаптарға сәйкестігі.
3. Нақты еңбек міндеттерін орындай білу қабілеті [50].

Еуропа Кеңесі құзыреттілікті адамға қойылатын теориялық академиялық білім, білу және түсіну қабілеті, білімді нақты жағдайларда жедел қолдана білу қабілеті, айналадағы шындық пен өмірді басқалармен қабылдау тәсілін анықтайтын қалыптасқан құндылықтар жүйесі бар талаптардың жиынтығы ретінде түсінуді ұсынды [51].

Болон декларациясына сәйкес құзыреттілік тәсіл білім беру мақсаттарын анықтау, білім беру мазмұнын таңдау, білім беру үрдісін ұйымдастыру мен білім беру нәтижелерін бағалау жиынтығы және қағидалары ретінде анықталады [52].

Әлемдік қауымдастық жаһандану және модернизация үрдістерімен қамтылған, Еуропа Кеңесі өз баяндамасында қазіргі адамға тұлғааралық, мәдениетаралық және саяси коммуникацияларда қажетті құзыреттердің кейбір топтарын атап көрсетті. Олардың дамуының бастапқы нүктесі мыналар болуы

керек: тәуелсіздік, өзін-өзі тану, өзін-өзі тәрбиелеу, жауапкершілік, диалогқа және сыни бағалауға қабілеттілік.

Ғылыми әдебиеттерді талдау көрсеткендей, «құзыреттілік» ұғымын ХХ ғасырдың 80-ші жылдарының ортасында Ричард Бояцис сапалы, тиімді жұмыс істеуге қатысты және дағдыларды, мотивтерді, әлеуметтік рөлдерді, сондай-ақ адамның әлеуетті ресурстарын біріктіретін негізгі қасиет ретінде тұжырымдады [53].

Әлеуметтанушы Гарольд Гарфинкель құзыреттілікті жалпы қатардағы мәселелерді шеше білу қабілеті ретінде ғана емес, сонымен бірге «белгілі бір кең салада өмірлік тәжірибе негізінде тиімді әрекет ететін ББД ларды қолдану қабілеті» ретінде қарастырды [54].

С.Я.Батышевтің редакциясымен жарияланған кәсіби білім энциклопедиясында құзыреттілік белгілі бір әлеуметтік-кәсіби мәртебесі бар адамдардың білімі, дағдылары мен тәжірибесінің олар орындайтын міндеттер мен шешілетін мәселелердің күрделілігінің нақты деңгейіне сәйкестік өлшемі ретінде түсініледі [55].

Құзыреттілікті қалыптастыру мәселелері В.И. Байденко [56], Т.М. Есимғалиева [57], Л.Н. Коковина [58], Э.Ф. Зеер [59], И.А. Зимняя [60], В.В. Сериков [61], Э.Э. Сыманюк [62], А.В. Хуторской [63] және т.б. ғалымдардың еңбектерінде зерттелінді.

Э.Ф. Зеер құзыреттілік деп негіздер, қағидалар, ұғымдар және мағыналық қалыптастырушы ұстанымдар түрінде ұсынылған эмпирикалық және теориялық білімдер түзілуін түсінеді [59, б.177].

И.А. Зимняя, Н. Хомский сияқты, «құзыреттілік» және «құзыр» ұғымдарын бөле қарастырады. Оның пікірінше, құзыреттілік дегеніміз адамның зияткерлік, жеке және әлеуметтік-кәсіби ерекшелігі, оның біліміне негізделген жекебасылық қасиеттері. Ал құзыр дегеніміз бұл адамның құзыреттілігінде уақытылы және белсенді көріністер ретінде танылатын белгілі бір білім, идеялар, құндылықтар мен қатынастар жүйесі немесе жасырын психологиялық жаңа түзілімдер [60, б.34].

В.А. Болотов пен В.В. Сериковтың пікірінше, адамның өзін-өзі дамытуының, оның жекебасылық және кәсіби өрлеуінің, жеке тәжірибесі мен жұмысын жинақтауы мен өзін-өзі ұйымдастыруының нәтижесі ретінде құзыреттілік болып табылады [64].

Сондай-ақ, «құзыреттілік» ұғымының анықтамасы оқыту арқылы алынған құндылықтарға, тәжірибеге, білімге, бейімділікке негізделеді, бірақ маман өзінің құзыреттілігін тек кәсіби қызметте, белгілі бір оқиғалар аясында ғана көрсете алады.

И.А. Зимняя он базалық құзыреттерді жинақтай отырып, оларды үш санатқа топтастырады: 1) субъектінің жеке өзіне тиесілі, оның өмірдің әртүрлі салаларына қатынасын және тұтастай дүниетанымын көрсететін құзыреттер; 2) әлеуметтік өзара іс-қимыл мен қарым-қатынас құзыреттері адамның әлеуметтік салаға бірлестірілуіне жатады; 3) танымдық және басқа да қызметтің

құзыреттері, сондай-ақ адамның қызметіне қатысты ақпараттық технология құзыреттері [60, б.35].

Осы мәселе бойынша зерттеулер көрсеткендей, ең дамыған елдерде (АҚШ, Германия, Англия, Франция) келешегі бар қызметкерге қойылатын талаптарға оның білімі мен біліктілігінің ресми факторлары оның жеке қасиеттерінің қоғамдық маңыздылығына ауысады.

Американдық ғалымдар теориясы бойынша «қызметшінің құзыреттілігі» маңызды қасиеті-оның тез бейімделу және қақтығыссыз белгілі бір еңбек жағдайларына бейімделу қабілеті болып табылады.

Швед және американдық ғалымдар Г. Вайлер, Я.И. Лефстед және В. Чипанах «құзыреттіліктің бірлестікті дамуы» тұжырымдамасында құзіреттілік – бұл адамның оқу барысында алған білімдерінің, дағдыларының жиынтығы деп санайды [65].

Британдық білім берудегі құзыреттілік тәсілдің алғашқы әзірлеушілерінің бірі Дж. Равен әлеуметтік құзыреттілікке арналған еңбегінде оның көп деңгейлі құрылымына егжей-тегжейлі сипаттама береді.

Ол тұжырымдаманы түсіну барысында келесі терминдерге нақты сипаттама береді:

1) біршама күрделі деңгейдегі қызметке (бастамашылық, жекебасылық жауапкершілік, бөлімшелердің, саяси жүйелердің жұмысына сараптама жүргізу) уәждемелік қабілеттер;

2) белсенді, маңызды іс-әрекеттерге (өз ұйымының, қоғамдық қозғалыстың дамуына әсер ету) уәждемелік дайындық;

3) сараптамалық (өз тұжырымдары негізінде мінез-құлық стратегиясын таңдау) дайындық;

4) инновациялық, жаңашылдық қызметі (жұмыс тиімділігін арттыру траекториясы) дамытуға және қолдауға қабілеттілігі мен әзірлігі;

5) өзінің қоғамдағы орны мен рөлін (ұйым мен қоғамның қалай жұмыс істейтінін түсіну) объективті және барабар бағалау;

6) басқару аппаратының құрылымы мен өзара байланысы туралы (тәуекел, тиімділік, көшбасшылық, жауапкершілік, есептілік, әл-ауқат және демократия) барабар түсінік болуы [66].

А.В. Романова, С.Н. Юревич құзыреттілікті өзара байланысты жеке қасиеттердің жиынтығы (білім, дағдылар, іс-әрекет әдістері, тәжірибе) ретінде түсінеді және оқушының белгілі бір саладағы сапалы өнімді іс-әрекеті үшін қажетті білім беру дайындығынан бөлек, алдын-ала берілген әлеуметтік талап (норма) болып табылады деп санайды [67].

О. Е. Ломакинаның пікірі бойынша, құзыреттілік – адамның белгілі бір саладағы мәселелерді талқылауға, бағалауға және шешуге мүмкіндік беретін жекебасылық қасиеті. Осы қасиеттің негізін адамның қоғамдық және кәсіби қызметіндегі білімі, тәжірибеі және хабардарлығы құрайды [68].

Г.А. Кудрявцева құзыреттілік деп адамның жалпы және арнайы білім деңгейін, оның өмірлік және кәсіби тәжірибесін қолдана білу қабілетін және белгілі бір әсер ету әдісінің ықтимал салдарын түсінеді [69].

Біз көптеген әдебиеттердегі терминдер мен анықтамаларды қарастырып, талдағаннан кейін, құзыреттілік дегеніміз – адамның алған білімі, дағдылары мен тәжірибесін қолданатын қызмет саласы, ал құзыретті болу – адамның белгілі бір мәселелерді шешуде жауапкершілікті алуға және туындаған барлық мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін жеке басының қасиеті немесе мінездемесі деген қорытындыға келдік.

Ежелгі қоғам адамның өзінің сыртқы келбетінің маңыздылығы туралы идеяларына үлкен үлес қосты. Әрине, бұл сөздің заманауи мағынасында имидж мәселелері өткен ойшылдардың арнайы зерттеулерінің тақырыбы бола алмады және олардың еңбектерінде ерекшеленіп көрсетілмеді [70].

Ежелгі дәуірдің ұлы ойшылдары - Сократ, Платон, Аристотель жеке тұлғаның дамуының үйлесімді теориясын құрды, адамның табиғи және әлеуметтік қатынасы, жан мен дененің байланысы, адамның қандай тәрбиені жетілдіретіні туралы мәселе көтерді [71-73]. Бұл мәселелер «адам», «мемлекет», «қоғам», «жан» мен «дене», «сұлулық» пен «үйлесімділік», «талдағыштық қабылдау» сияқты негізгі философиялық санаттарға байланысты қарастырылады және мәні олардың мазмұнында айқындалады. Ежелгі философтардың еңбектері, сонымен қатар имидж құбылысын талдауға дүниетанымдық және әдіснамалық көзқарастарға сипаттама береді.

Ежелгі философтар өз еңбектерінде бүгінде әлеуметтік қатынастар этикасының негізін құрайтын бірқатар жалпы ережелер мен ескертулерге тұжырымдама беріп кеткен. Мысал, Аристотель «адамдармен қарым-қатынас кезінде олармен өзін тең дәрежеде ұстауға»... және әрбірінің қасиетіне қарай дербес құрмет көрсетуге кеңес береді». Ол «астамшылдық» пен «жасанды әсемқойлықты» «талғамсыз дарақылық» деп айыптайды және мінез-құлық пен сыртқы келбетті бағалаудың негізгі өлшемі ретінде «сәйкестік» ұғымын енгізеді. «Сәйкес келу адамның келбетіне, жағдайға және затқа қатысты болуы мүмкін». «Өзінің мінез-құлқы үшін құрметті болғысы келетін адам (ethos) ортаңғы қасиетті ұстануы керек» және шектен шықпауы қажет [72, б. 18].

Платон «үйлесімдік» ұғымына әлеуметтік мағына беріп, оған «адам-азамат қасиеттерінің жиынтығы» деп анықтады, ол «оның сыртқы келбетінде, іс-әрекеттерінде, сөйлеген сөздерінде және жасаған шығармаларында» айқындалады. Яғни, ежелгі философтар заманынан бері адам имиджі мәселесі біртіндеп адамның жеке басының мәнін айқындай бастады.

Платон адамның дене келбеті, іс-әрекеттері, сөйлеген сөздері оның ішкі мазмұнын (азамат адамның қадір-қасиетін) көрсетуі керек деп атап өтті. Кейінгі кезеңнің философтары адамның ішкі және сыртқы мазмұнының бірлігі ретінде қарастыратын Платонның бұл ойы адамның имиджін қалыптастыру барысында позитивті имидж мәні мен нұсқаулық ретінде қабылдауға болады [73, б. 23].

Орта ғасыр кезеңі, бір қарағанда, имидж теориясын байытып, дамыта алатын дәуір болды деп айту қиын. Алайда, бұл әсер алдамшы. Бұл үшін «бейне» және «ұқсастық» орта ғасырлар үшін өте маңызды ұғымдар болғанын еске түсіру жеткілікті.

Бұл уақыт дәуірдің символына айналған: крест жорығы, монах, көпес сияқты көптеген бейнелерді жасады. Орта ғасыр – өзіндік сипатты (жекебасылық тән) имидждердің үстемдік құрған кезеңі болды деп сенімді түрде айта беруге болады.

Бұл дәуірге тән кескіннің маңыздылығын анықтайтын ортағасырлық дүниетаным мен ортағасырлық мәдениеттің кем дегенде екі ерекшелігі бар. Олар символизм мен иерархия.

Орта ғасырлар символдық бейнелеу өнерін, символдық поэзияны, күрделі және нәзік дамыған діни табынуды, зайырлы және күнделікті өмірдің «алгоритмдерін» құрды. Ортағасырлық адам көргеннің бәріне сипаттама беріп отырды. Символдық белгілер киімдерде, зергерлік бұйымдарда, тұрмыстық заттарда белгіленді. Ортағасырлық қоғамның бүкіл әлеуметтік құрылымы иерархиялық идеяларға толы болды. Үстемдік пен бағыну қатынастарымен адамдар ғана емес, барлық тіршілік иелері, жер мен су, айналадағы заттар байланысты қарастырылды. Бұл ғаламның реттілігі мен бірлігін көрсетеді.

Қайта өрлеу дәуірі үйлесімді дамыған адамның идеалын айқындап берді, ол Платон сипаттаған нәрсеге сәйкес келді және гуманизмнің белгісі болды. Адам әлемдегі жалғыз сенімді құбылысқа айналады, тек адамның бойынан олар шынайы «барлық нәрсенің өлшемін» іздеді және таба білді. Ортағасырлық аскетизмнен бас тарту, табиғи, сезімдік барлық нәрсені бастапқы күнә үшін айыптаудан босату өмірдің барлық саласында, тек қоғамдық қана емес, жекебасылық та тіршілікте жаңаруға әкеледі [73, б. 25].

Имидждің қалыптасу тарихында итальяндық саяси ойшыл Николо Макиавеллидің «Егемендік» және «Флоренция тарихы» еңбектері ерекше қызығушылық тудырады, онда әлеуметтік қатынастар жүйесіндегі имидждің рөлі туралы идеялар ең толық және дәйекті сипаттама алған. Макиавелли тарихтағы сәтті әлеуметтік бейімделудегі имиджінің рөлі іске асырылған кезде имидж жасау саналы түрде реттелетін үрдіске айналған сәтті айқындай білді [74].

Жаңа уақыт адамның қоғамдағы рөлі мен орнын түсіну бойынша жаңа екіпін әкелді. Дәуірдің басты назарында жеке адам, оның жеке қасиеттері, дербестігі, егемендігі болды. Адам өз іс-әрекетінің ерік-жігері бар субъектісі ретінде қарастырыла бастады. Басты құндылық ретінде адамға деген көзқарас адамның қадір-қасиеті бірқатар моральдық құндылықтарда алдыңғы орынға қойылғандығымен айшықталды.

Ф. Бэкон «қоғамдық адамды» жан-жақты қарастыра отырып, адамның имиджі жеке адамның жекебасылық ісі емес деген тезисті тұжырымдайды. Әдептілік нормаларын сақтау, қарым-қатынас дағдыларын игеру - бұл қоғамға деген құрмет, заманауи мәдениеттің ажырамас бір бөлігі [75].

Имидждің табиғаты мен генезисін ашуға көмектесетін көптеген тұжырымдамалық ережелерде И.Канттың еңбектерінде сипаттама берілген. Ол талдағыштардың қабылдау құбылысын зерттей отырып, қабылданған нысанның түрі кейіннен ол туралы қайсібір «тұтас идеяға» біріктірілетініне назар аударады. Кант, сонымен қатар, қиялдағы имидждің пайда болу үрдісі

туралы өзінің көзқарасын ұсынады. Ол «ішкі сезім мүшесінің фигураларды бірнеше рет қамтылуының» пайда болатынан туындайтын «динамикалық тиімділікке» сипаттама береді [76]. Ол қиялды тынымсыз бір бейнені екіншісімен ұштастыра орта, жалпы пайдаланылатын өлшемидеалы немесе «идея нормасы» деп атауға болатын түрге тән типтік имидж деп есептейді.

Әдебиеттер талдауы көрсеткендей, «имидж» ұғымы XX ғасырға дейін еңбектерде орын алмаған, оның құрылымы да кездеспеген, бірақ имидждің жекелей құрамдастары әрқашан белгілі болды, атап айтқанда сыртқы келбет сипаттамасы және олардың адамның ішкі әлеміне сәйкестігі. Әрі бұл тек жағымды сипаттамаларды ғана емес, сонымен қатар кейбір адамдардың ішкі мәнін көрсететін қасиеттерін бірінші рет қабылдаған кезде басқаларға теріс әсер ететін сыртқы жағымсыз жақтардың сәйкестігін де айқындай білді.

Батыс елдеріндегі имидж мәселесі 1960 жылдардан бастап өзекті мәселе ретінде қарастырылып келеді. Америкада және Еуропада бұл кезеңде имиджд мәселесіне қатысты әлеуметтік, тарихи, философиялық, психологиялық, экономикалық зерттеулерінің көбеюі байқалады, бұл кәсіби қызмет ретінде имиджмейкингтің пайда болуына әкеледі. Осылайша имидж дамуды ілгерілетудің дербес құралына, PR-технологиялардың теориясы мен практикасының элементіне, саяси және қоғамдық қызметтегі негізгі құралға айналады.

Әдеби деректерге жүргізілген шолу «имидж» санатын ғылыми айналымға 1960 жылдары американдық экономист К.Боулдинг енгізгенін, ол имидж-имидждік жүргізуді зерттейтін ғылымдағы жаңа бағыттың негізін қалаушы болып табылатындығын көрсетті. Бұл тұжырымдаманы кәсіпкерлердің өркендеуі мен бизнесті дамыту үшін пайдалы екенін негіздеп, іскерлік айналымға енгізуді ұсынған экономистер [77].

Ресейде 1970 жылдары имидж бұқаралық сананы айла-шарғы жасау құралы ретінде қарастырады. Бұл термин кеңес кезеңі үшін теріс мағыналы түсінікке айналды. Осыған байланысты, Ресейде ұзақ уақыт бойы бұл ұғым мен құбылыс туралы маңызды зерттеулер жүргізілмегенін байқаймыз. Имиджге деген осындай көзқарасты жеңу әрекетін кейінірек жарнаманы зерттеуші, философия ғылымдарының докторы, профессор О.А. Феофанов жасады, ол «имидж» терминін арнайы орыс тілді әдебиетке алғашқылардың бірі болып енгізді [78].

1990-шы жылдары имидж мәселесін философ В.М. Шепель зерттей бастады, ғалым бұл ғылымға «имиджология» ұғымын енгізді және оған дербес ғылыми-қолданбалы бағыт пен оқу пәні ретінде негіздеме берді. Бұл бағыттың басты мақсаты - тартымды имидж жасауға арналған арнайы әсер ету технологияларын әзірлеу [79].

П. Берд имиджге «...сіз басқаларға ықпал ете алатын жалпы әсер. Ол сіз адамдарға өз идеяларыңызды қалай ұсынатындығыңыздан, қоғамда қалай әрекет ететініізден, қалай киінетініізден, қалай сөйлейтініізден, не айтатыныңыздан және не істеп жатқаныңыздан тұрады. Жекебасылық имидж, сонымен сіздің жұмысыңыздың да, компанияның да имиджін анықтайды және

тұтастай алғанда олардың визит картасына айналады» деп анықтама береді. П. Берд өзінің берген анықтамасын толықтыра отырып: «Сіздің имиджіңіз - бұл сізді басқа адамдардың қабылдауы. Ол - басқалардың көз алдындағы сіздің жеке тұлға ретіндегі жалпы көрінісіңіз. Бұл сіздің көзқарасыңыздан, сөйлеуіңізден, киінуіңізден және әрекет етуіңізден тұрады, сіздің қабілеттеріңіз бен моральдық қасиеттеріңізді, дене қалпыңыз бен қозғалыстарыңызды, аксессуарлар мен айналаңызды, сіз кіретін компанияны және т.б. құралады. Сонымен, сіз әлемге қандай имиджді көрсетуге тырыссаңыз да, ол, ең алдымен, сіздің ішкі болмысыңыздың көрінісі болуы керек және оған берік негізделуі керек» -деп, тұжырымдайды [80].

Ғылыми әдебиеттер талдауы көрсеткендей, ағылшын тілінен аударғанда image «келбет, кескін, белгіше, икона, кумир, идол» дегенді білдіреді [1 б.12].

2005ж. Маркетинг және сауда туралы жаңа ағылшын-орыс түсіндірме сөздігіндегі «IMAGE» мақаласына «... бедел, тұлға, бейне (ел туралы сезім, фирма, саясаткер, кино жұлдызы, тауар, сауда белгісі және т.б. өз қасиеттерімен немесе бұқаралық ақпарат құралдарында насихаттау арқылы басқаларға әсер етеді...)» деп анықтама берілген [81].

Шетелдік сөздердің жаңа сөздігінде имиджге «танымалдық, жарнама және т. б. мақсатында біреуге эмоционалды-психологиялық әсер етуге арналған тұлғаның, құбылыстың немесе нысанның мақсатты түрде қалыптастырылатын бейнесі» деп анықтама берілген [82].

Мерриам-Уэбстердің 2012 ж. ағылшын тіліндегі түсіндірме сөздігінде бұл сөздің қайнар көзі ретінде латын *imagin-*, *imago* («қиял, суреттер») латын *imitari* – «еліктеу», сондай-ақ мағынасы жағынан ұқсас *semblance* («көріну, ұқсастық»), *impression* («әсер») сөздеріне сай келеді [83].

Қазіргі таңда ғылыми еңбектерде «имидж» ұғымы әлеуметтану, психология, саясаттану, педагогика ғылымдарының пәні болып табылады.

Әлеуметтануда «имидж» термині келесідей түсіндіріледі:

- «жеке тұлға құрастыратын, серіктестерге өзара іс-қимыл процесінде ұсынылатын және орындаушы мен қоғам бақылайтын әлеуметтік-кәсіби рөлдің (рөлдік кешені) бейнесі ретінде. Бұл орындаушы серіктестер алдында көрінуге және оларды қабылдауға тырысатын рөлдің бейнесі» (О. И. Попова [84]);

- «адамның әлеуметтік мимикасының феномені, оның әлеуметтік жетістікке жету мүмкіндігін арттыру үшін бір нәрсені көргісі келмеуі, басқалардың өзіне қажет әсерлерін тудыруы, оның ішінде ол жоқ нәрсеге реакция ретінде, ал кейбір жағдайларда ол болғысы келмейді» (И.А.Федоров [85]);

Психология ғылымында О.Феофанов алғашқылардың бірі болып «имидж» ұғымын қолданды және оған «нысанның нақты қасиеттері үшін негізі жоқ, бірақ мұндай бейнені қабылдау үшін әлеуметтік маңызы бар нысанға қосымша құндылықтар (мәдени, әлеуметтік, психологиялық және т.б.) беретін бірлестіктер арқылы бейнелеу» деп анықтама берді [86].

«Имидж психологиясы» категориясы 2002 жылы Е.А.Петрова ғылыми айналымына енгізіп [87], 2003 жылы жарық көрген Е.Б. Перелыгинаның

«Имидж психологиясы» атты еңбегінде даму алды. Психология «имиджелогия» ғылымының әдіснамалық тіректерінің бірі екенін атап өткен жөн. Имидж психологиясы имиджді әлеуметтік-психологиялық құбылыс ретінде қарастырады [88].

Осы ғылыми бағыттың бастамалары имиджге психологиялық көзқарас тақырыбын анықтайды: оны әлеуметтік-психологиялық құбылыс ретінде зерттеу, жеке және бұқаралық санадағы әртүрлі кескін түрлерінің өрістерін қалыптастыру, жұмыс істеу және трансформациялау заңдылықтарын ашу, әртүрлі этностар мен мәдениеттердің, жеке топтардың өкілдері арасында осы өрістердің «толтырылу» ерекшелігін анықтау.

Имидж психологиясының тәуелсіз білім саласы ретіндегі негізгі мәселелері әлеуметтік-психологиялық сипаттағы, әлеуметтік таным мен имиджді басқару мәселелері болып табылады. Жүргізілген зерттеулердің әдіснамалық негізі заманауи қарым-қатынас психосемиотикасы идеялары болуы мүмкін.

Имидждің ерекшеліктерін бейне психологиясынан кейін имидж психологиясы зерттеуі керек: жарықтық, өзгергіштік, жалпылау және т.б. Әлеуметтенудің әртүрлі кезеңдерінде жеке тұлғаның жеке имидждік кеңістікке ену мен кірігу механизмдерін, кезеңдерін зерттеу, нақты тарихи өмір жағдайлары аясында жеке және кәсіби имиджді қабылдау мен өзін-өзі басқарудың психологиялық мәселелері имиджелогияның маңызды саласына жатады.

Е.А. Петрованың пікірінше, психологиялық талдаудың жеке бағыты имиджмейкерлердің кәсіби қызмет саласы болуы керек. Тұлғаның терең мәселелерін шешуде имидждің психологиялық қызметтері мен имидждік түзету мүмкіндіктерін анықтау психологиялық кеңес беру аймағын түсінуге жаңаша көзқараспен қарауға мүмкіндік береді [89].

Имиджді психологиялық зерттеудің негізгі бағыттары мен мәселелерін талдау кескін психологиясының саласын, имиджелогиядағы имидж психологиясының орталық жүйе құраушы қызметін анықтап қана қоймай, сонымен қатар имиджелогияны ғылым ретінде оның қажетті атрибуттары, ең алдымен тұжырымдамалық аппаратты анықтау тұрғысынан талдауға мүмкіндік береді. Ол үшін келесі талдау үлгісі қабылданады: зерттеу пәні мен нысаны, мақсаттары, негізгі міндеттері, негізгі қағидалары, заңдары, қызметтері, әдістері.

Әрбір толық қалыптасқан ғылым белгілі бір дәрежеде осы атрибуттардың барлығына ие. Осы құрылымдардың біреуінің немесе бірнешеуінің болмауы осы ғылымды, оның белгілі бір қызмет саласы туралы білім жүйесіндегі орнын толық сипаттауға мүмкіндік бермейді.

Г.Г. Почепцовтың пікірінше, имиджелогия пәні - бұқаралық сана, ал оның коммуникативті бірлігі болып -имидж есептеледі [90].

А.Ю. Панасюк имиджелогия пәні оң имиджді қалыптастыру жолдары мен құралдарын зерттеу, оң имиджді, идеяны, адам туралы пікір қалыптастыру деп санайды [23, б. 178].



Адамның әртүрлі кәсіби саласын және оның сипаттамаларын анықтауға және саналы түрде қалыптастыруға бағытталған психология саласы бойынша еңбектерді (А.С. Золотнякова [91], В. А. Кан-Калик [92] және т. б.) ерекше атап өту қажет.

А.А. Калюжный бойынша «имидж» терминімен «саяси, экономикалық, әлеуметтік нәтижелерге, танымға, жеке мансапқа және өзін-өзі көрсетуге қол жеткізу үшін жеке, топтық және қоғамдық санада әлеуметтік практика субъектілері мақсатты түрде қалыптастыратын қоғам элементтерінің, объективті әлемінің, идеалды құрылымдардың эмоционалды боялған стереотиптік бейнесі, идеалға айналған моделі» деп түсініледі [93].

Авторлардың белгілі бір бөлігі (В.М. Шепель, Е.В. Андриенко) имидж ұғымын бейне ұғымымен анықтайды және бұл ұғымдар дәл синонимдер емес екенін мойындайды. Сондықтан имидж бейненің бір түрі ретінде түсіндіріледі, оның прототипі кез-келген құбылыс емес, субъект болуы мүмкін [94, 95].

О.В. Лысикова имиджді белгілі бір бейне ретінде қарастыруды ұсынады, ол адам, оны «Мені» басқаларға, өзін-өзі таныстырудың өзіндік формасы ретінде ұсынады, онда күшті жақтар мен кемшіліктер жасырылады [96].

А.П. Панфилова имиджді көпшілікке танымал ету, жарнама жасау, бедел қалыптастыру мақсатында біреуге эмоционалды-психологиялық әсер етуге бағытталған мақсатты қалыптастырылатын бейне ретінде қарастырады [97].

Имидж, бір жағынан, жеке тұлғаның айқындалуының белгілі бір психологиялық үрдістерінің нәтижесі, ал екінші жағынан, қарым — қатынас серіктестері арасында осы адамның әсерін қалыптастырудың сырттай негізі болып табылады. Сондықтан, өзін-өзі таныстырудың барлық стратегиялары басқалардың көз алдында сіздің имиджіңізді анықтауға, нақтылауға немесе қолдауға бағытталған.

«Имидж» ұғымының анықтамасына жоғарыда келтірілген көзқарастарға сүйене отырып, біз кез-келген нысанның имиджі туралы айта отырып, ерекше бейнені – нысанға қосымша құндылықтар беретін және оны бірқатар ұқсастықтардан ерекшелейтін идеяны айтамыз деп қорытынды жасауға болады.

Имидждегі ең басты мәселе адамның табиғи деректерімен емес, басқа адамдардың көзқарасымен байланысты. Имиджді қалыптастыру үшін, қоғамның күткеніне сәйкес, адам әлеуметтік қажетті имиджге қажетті ең жақсы қасиеттерді «айқындап», берілген бейнені қабылдауға теріс әсер ететіндерді бейтараптандыруы керек.

Имиджді қалыптастыру туралы сөз болғанда, екі жақты үрдіс жүріп жатқанын түсіну керек. Бір жағынан, бұл басқалар арасында өздері туралы жасалған идея. Екінші жағынан, бұл адамды адамның қабылдау үрдісі. Маман белгілейтін мұғалім, дәрігер, режиссер, кітапханашы сияқты сөздер арқылы, оның бейнесіне осы санаттағы адамдар туралы жалпыланған білім кіреді.

Дабыл немесе мәтін және семиосоциопсихологиялық парадигманың авторы Т.М. Дридзе адамды күрделі белгі ретінде қарастырады. Ол адамның бейнесін мәтін ретінде қарастырады, ол «арнайы ұйымдастырылған мазмұнды-семантикалық тұтастық және оны жалпы тұжырымдамамен немесе дизайнмен

функционалды түрде біртұтас мазмұнды-семантикалық құрылымға біріктірілген коммуникативті-танымдық элементтер жүйесі ретінде анықтауға болады» [98].

Е.А. Петрова имидждің келесі маңызды құрылымдарын анықтайды [99]:

1. Дауыс белгілері (ауызша және вербальды емес сала);
2. Экспрессивті мінез-құлық белгілері (ым-ишара, жүріс-тұрыс, мимика және т.б.);
3. Дене бітімінің белгілері (габитус);
4. Жеке тұлғаны әлеуметтік рәсімдеу белгілері (киім және аксессуарлар);
5. Адамнан шығатын иіс белгілері (табиғи және жасанды);
6. Тақырыптық ортаның белгілері (адамның қабылдауы пайда болатын орта).

Барлық осы белгілер адамның жыныстық және жас ерекшеліктері, оның ұлты, дене ерекшеліктері, қызмет түрі, ниеті, іс-әрекеті, эмоционалды жағдайы, психикалық және денсаулығы, бір нәрсеге қатынасы, әлеуметтік мәртебесі және т. б. туралы ақпарат береді.

Әлеуметтену нәтижесінде адам белгілі бір қоғамға тән белгілердің жиынтығын біледі, олардың мағынасы мен қолдану жағдайларын игереді. Имидждің ерекшелігі – ол адамның қабылдауы негізінде қалыптасады. Имидж - бұл қоршаған орта тұжырымдамасы және адамның мойындауы, әлеуметтік топтың бағалау қатынасы, күту ретінде әрекет етеді.

Ағылшын зерттеушісі Э. Сэмпсон жекебасылық имидж туралы айта отырып, сыртқы және ішкі факторлардың үйлесуіне байланысты имидждің үш түрін анықтайды, олар [100]:

- өзіндік имидж,
- қабылданған имидж,
- қажетті имидж.

Бұл типология имиджге деген көзқарасты әртүрлі тұрғыдан көрсете біледі: өзінің «мен» және басқа адамдар тарапынан, шындық пен қалау мүмкіндіктері жағынан.

Өзіндік имидж өткен тәжірибеден туындайды және өзін-өзі бағалаудың, өзіне деген сенімнің берілген уақыттағы күйін көрсетеді.

Қабылданған имидж - бұл басқалар бізді қалай көреді. Әрине, бұл көзқарас бұрынғыдан өзгеше болуы мүмкін. Біз көбінесе бізге қалай қарайтынымызды, олар бізге қалай жауап беретінін білмейміз.

Қажетті имидж бірқатар кәсіптердің (рөлдердің) белгілі бір имидждік сипаттамаларды талап ететінін білдіреді. Кейбір жағдайларда бұл киім түріне ықпал етеді. Әскери форма, сот мантиясы, патша тәжі - бұл нақты рөлдерді орындаушыларды көрсететін кескін белгілері, олар осы рөлдерді орындау үшін қажетті символдардың қажетті жиынтығына кіреді.

Бұдан әрі біз маманның имиджін қалыптастыру мәселесін қарастыратын ғылыми зерттеулерді ұсынамыз (1998-2023 жж.) (кесте 1).

Кесте 1 – Ғылымның түрлі салалары бойынша маманның имиджін қалыптастыру мәселесін қарастыратын зерттеулерге шолу (1998-2023 жж.)

№	Автор	Ғылыми еңбектер атауы	Басылымы туралы мәліметтер, саласы
1	2	3	4
1	Черепанова В.Н.	Формирование индивидуального имиджа педагога как средство реализации гуманистической концепции образования	Пед.ғыл.канд...дис.: Тобольск, 1998. – 201 б.
2	Пискунова Т.Н.	Условия и факторы формирования позитивного имиджа общеобразовательного учреждения	Психология ғыл.канд...дис.: Москва, 1998 <b>Психология</b>
3	Апраксина М. В.	Имидж воспитателя дошкольного учреждения как педагогическая проблема	Пед.ғыл.канд...дис.: Москва, 2000. – 134 с.
4	Завьялова О.Б.	Формирование профессионального речевого имиджа будущего тренера по борьбе	Пед.ғыл...дис. авторефераты: Красноярск:2000.-24с <b>Дене шынықтыру және спорт</b>
5	Тарасенко Н.А.	Формирование индивидуального имиджа будущего учителя	Пед.ғыл.канд..дис.: Оренбург, 2002. – 173 с.
6	Аминтаева С.А.	Формирование у студентов имиджа современного руководителя образования	Пед.ғыл.канд..дис.: Махачкала 2003.25 с.
7	Попова Л.Г.	Формирование имиджа специалиста социально-культурной сферы в системе повышения квалификации	Пед.ғыл.канд..дис. 13.00.08: Москва, 2003-209 с.
8	Позднышев Е.В.	Имидж спортсмена: паблик рилейшнз в спорте	Ғылыми-әдіст.басылым Киев: 2003.- 106 с. <b>Дене шынықтыру және спорт</b>
9	Донская Л.Ю.	Психологические условия формирования имиджа преподавателя высшей школы	Психология.ғыл.дис.: Ставрополь, 2004, 212 с. <b>Психология</b>
10	Прудников Л.А.	Политические технологии как фактор формирования имиджа Вооруженных Сил РФ	Саясаттану ғыл.канд.дис.:М.,2004-143 с. <b>саясаттану</b>

1 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
11	Кадочников Н.А.	Корпоративный имидж как фактор конкурентоспособности высшего профессионального учебного заведения.	Экономика фыл. канд...дис.: - Москва, 2005. <b>Экономика</b>
12	Яндарова С.В.	Имидж личности: содержание, функции и мотивации построения	Психология фыл.канд..дис.: М., 2005-187 с. <b>психология</b>
13	Новокшнонова М.Ю.	Информационная культура как компонент имиджа современного педагога	Пед.фыл.канд..дис.: Москва, 2006. – 184 с.
14	Бекетова Е.А.	Формирование профессионального имиджа будущего учителя технологии и предпринимательства	Пед.фыл...дис.: Армавир, 2006. – 174 с.
15	Шкурко Н.М.	Имидж современного учителя: структура, половозрастные особенности восприятия и технологии формирования:	Психология фыл.кан..дис.: Наук. М., 2006. 179 с. <b>психология</b>
16	Рожкова Е.А.	Имидж и социальные роли политика	Әлеуметтану фыл.канд..дис.: /М., 2006.- 173 с. <b>әлеуметтану</b>
17	Попова О.И.	Имидж преподавателя вуза: проблема трансформации в современной России	Әлеуметтану фыл..канд. дис.: Екатеринбург 2007 <b>әлеметтану</b>
18	Калюжный А.А.	Социально-психологические основы имиджа учителя	Психология фыл..канд..дис.: Ярославль 2007 <b>Әлеуметтік психология</b>
19	Климкович Е. В.	Преодоление деструктивного имиджа будущих специалистов социально-культурной сферы в процессе профессиональной переподготовки	Пед.фыл.канд..дис.: Москва 2007
20	Варданын М.Р.	Имидж педагога как фактор здоровьесбережения субъектов образовательного процесса в основной школе	Пед.фыл..канд. .дис.: - Тобольск, 2007. – 197 б.


1 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
21	Бушуева Т.Н.	Формирование имиджа спортивного тренера как фактора результативности соревновательной деятельности	Пед.ғыл.канд..авторефераты.:Челябинск 2007, 23с. <b>ДШС</b>
22	Купцова В.Г.	Формирование имиджевой компетентности у будущего педагога физической культуры.	Пед.ғыл.канд.авторефераты: Челябинск – 2008, 21с.
23	Кулакова Т.Б.	Формирование имиджа будущего педагога в контексте культурологического подхода	Пед.ғыл.канд..дис.: наук: Москва, 2009. – 197 с.
24	Кусаметова Г.К.	Педагогические особенности формирования имиджа преподавателя в вузе.	Пед.ғыл.канд...дис.: Актөбе, 2010
25	Матюшина Ю.И.	Формирование профессионального имиджа у будущего переводчика	Пед.ғыл.канд...дис.: Калининград, 2010.- 194 с.
26	Завьялова О.Б.	Речевой имидж тренера	Оқу-әдістемелік құрал Красн., 2012,140 б <b>ДШС</b>
27	Бухаров Д.В.	Педагогические условия профессиональной подготовки в вузе будущих руководителей образовательных организаций к имиджевой деятельности	Пед.ғыл.канд...дис.: Великий Новгород, 2015-29с.
28	Кайдалова А.О.	Формирование имиджа педагога дошкольной образоательной организации	Пед.ғыл.канд..дис.автор ефераты: Белгород, 2016 <b>Мектепке дейінгі ББ</b>
29	Ертарғынқызы Д.	Жоғары мектепте болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби идеалын қалыптастыру жүйесі	Пед.ғыл.канд..дис.автор ефераты: Алматы, 2017 <b>Әлеуметтік педагогика</b>
30	Голубкова Ю.Г.	Формирование личностно-профессионального имиджа молодых педагогов в системе дополнительного профессионального образования	Пед.ғыл.канд..дис.автор ефераты:Челябинск, 2023

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, имидж мәселесін зерттеу бойынша ғылыми еңбектер ғылымның әртүрлі салаларында да жеткіліксіз екенін атап өткен жөн.

Аталмыш кестеде біз саясаттану, психология, әлеуметтану, педагогика, дене мәдениеті және спорт салаларындағы шетелдік және қазақстандық ғалымдардың еңбектерімен таныстыруға тырыстық.

Әртүрлі салалар бойынша имидж мәселесін қарастырған ғылыми деректерді біз келесі 1-ші суретте жүйелеп көрсеттік.



Сурет 1 – Әртүрлі пәндік сала мамандарының имидждік құзыреттілігін қалыптастыру бағыттары

Берілген суреттен имидж мен имидждік құзыреттілікті зерттеу саласын ғалымдар әртүрлі қызмет, олар: психолог, аудармашы, маман-педагог, университет оқытушысы, дене мәдениеті педагогі, мектепке дейінгі ұйым педагогі, студент сияқты салаларда қарастыратындығын көруге болады.

Егер кейбір зерттеушілердің еңбектерінің мәнін ашатын болсақ, В.Н. Черепанов [101] жеке имидж ретінде субъектінің ішкі және сыртқы индивидуалдық, жекебасылық және индивидуалдық қасиеттерінің сәйкестігі мен өзара кірігуіне байланысты мақсатты түрде қалыптасқан бірлестікті, бүтіндей, динамикалық құбылысты түсінеді, ол субъектінің табиғатпен, қоғаммен және өзімен үйлесімді өзара үйлесімді әрекеттесуін қамтамасыз етуге арналған.

Т.Н. Бушуева [44, б.17] өз еңбегінде спорттық жаттықтырушының имиджін қалыптастырудың құрылымдық негізін - имидждің тиімділігіндегі олардың маңыздылық дәрежесінің кему тәртібімен құрылымдалған жеке және кәсіби сипаттамалар жүйесін көрсететін модельді анықтама береді. Ол билік, бәсекелестік әрекеттегі мінез-құлық, спортшыларға деген көзқарас, жаттығу іс-әрекетіндегі мінез-құлық, ерікті қасиеттер, көшбасшылық мінез-құлық,

коммуникативті қасиеттер, интеллект, адамгершілік, спортқа деген көзқарас, әріптестерге деген көзқарас, өзіне деген көзқарас, сыртқы деректер сияқты қасиеттерден құралады.

Осылайша, бұл бөлімде біз ғылымның түрлі саласындағы имидж мәселесінің пайда болуы туралы мәліметтерді жинақтауға, ғалымдардың психологиялық-педагогикалық, философиялық зерттеулеріндегі имидж категориясының мәнін ашуға тырыстық.

## **1.2 Болашақ дене мәдениеті педагогының имиджінің мәні, қызметі**

Аталмыш тараушада біз, ең алдымен, Қазақстан Республикасының терминологиялық сөздігінен имидж сөзінің аудармасын анықтауды және болашақ дене мәдениеті педагогының имидждік құзыреттілігінің мәні мен құрылымын қарастыруды жөн көрдік.

Жоғары білім берудің жаңа жағдайында бұл білім беру үрдісінің әртүрлі субъектілері (оқушылар, әріптестер, әкімшілік) педагогтың (және ол тарататын білім мен құндылықтардың) қабылдауының жоғары деңгейін қамтамасыз ететін мектеп педагогының кәсібилігінің қажетті құрамдас бөлімі ретінде педагогикалық құзыреттіліктің нақты түрі болып табылатын имидждік құзыреттілік болып табылады.


Қазақстан республикасының мәдениет және спорт министрлігі бекіткен, Қазақстан Республикасы үкіметінің жанындағы Республикалық терминология комиссиясы мақұлдаған Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздікте педагогика және психология саласы бойынша «имидж учителя» сөзтіркесінің аудармасы «педагог бетбеделі, имиджі» деп аударылған [102].

Кәсіби имидж - адамның кәсіби қасиеттерімен анықталған бейнесі. Нақ осы кәсіби имидж - бұл кәсіпқой адам өзі жасайтын және оның жеке басының сыртқы көрінісі, іскерлік және оның адами қасиеттерінің көрсеткіші. Оның имиджіне көбінесе оны қоғам қалай қабылдайтынына тәуелді болады.

Бұл тұжырымды С.Д. Якушеваның: «Имидж бүгінгі күні көптеген әлеуметтік шешімдер қабылдаудың маңызды дәлелі болып табылады. ... Имидждік механизмге ие болу, ең алдымен, көпшілік мамандықтағы адамдар үшін маңызды: саясаткерлер, журналистер, тележүргізушілер, бірақ негізінен мұғалімдер үшін, өйткені сабақ (дәріс, сабақ) ақпарат көзі, мәдени кодтардың жеткізушісі, сондай-ақ оқытушының да, білім алушының да жеке басын әлеуметтендіру болып табылады» [103].

Қазақстандық зерттеуші Байкенова С.М. заманауи педагог арнайы білім мен дағды сияқты келесі қасиеттерге ие болуы керек деп жазды, (сурет 2) [104]:

- оқытылатын пән саласы бойынша білім,
- психологиялық-педагогикалық білім,
- пәндік-әдістемелік біліктіліктер,
- шығармашылық пен инновациялық қызметті орындауға арналған ерекше іскерліктер.



Сурет 2 – Заманауи педагог имиджінің құрамдас бөлімдері  
(Байкенова С. М.)


Ф.А. Кузин имиджді құрудың мәні - басқа адамдарды сізді өзіңіз қалағандай көруге және сіздің имиджіңізді жағымды етіп қабылдауға мәжбүрлеу екенін айтады. Бұл жұмыстың басты мақсаты - бойдағы бар жақсылықты барынша пайдалану, біздің кәсіби, саяси және таза адами беделімізді төмендететін жағымсыз көріністерден аулақ болу [105].

И. Криксунова имидж, бұл ең алдымен, өзі туралы әңгіме, басқаларға қоғамдық баспалдақтың қай сатысында тұрғаныңызды, қандай кәсіп түріне жататындығыңызды, сіздің мінезіңіз, темпераментіңіз, талғамыңыз және қаржылық мүмкіндіктеріңіз туралы сөзсіз айтатын рәміздеп санайды [106].

Кәсіби имидж - бұл жеке адамның қызметкер ретіндегі бейнесі, оның іскерлік және кәсіби қасиеттері туралы әсер қалдыратын іскерлік имиджін нақтылау. Кәсіби имидж реципиенттердің көз алдында қандай да бір кәсіптің мінсіз өкілі бейнесі туралы білімі негізінде құрылады [107].

А.Зейнелова, М.Сайдалинов сияқты зерттеушілер: Педагогтың имиджі оның бренді педагогтың ішкі және сыртқы көз тартушылығынан қалыптасады: кәсіпқойлығы, үйлесімді рухани күйі, өмірге деген оң көзқарасы, жағымды сыртқы келбеті. Осы тұрғыда жеке брендинг педагог мәртебесін көтерудің бірден-бір жолы болып табылады, ол ұстазға өзіне-өзі білім берудің өз жолын табуға мүмкіншілік береді (сурет 3) [108].





Сурет 3 - Педагогтың жекебасылық брендінің құрамдастары  
(Зейнелова А., Сайдалин М.)

Келесі кезекте біз «имидж» ұғымының мәнін ашумен айналысатын ғалым зерттеушілердің идеяларын жүйелеуге тырыстық (кесте 2).

Кесте 2 – Шетелдік және қазақстандық ғалымдардың зерттеулеріндегі «имидж» ұғымының контент-талдауы (1994-2023 жж)

№	Авторлар	Анықтамасы	Әдебиеттер
1	2	3	4
1	Баранова В.А.	Имидж-бейне құрастыру, аталмыш адамның бейнесін қазіргі сәті мен ол туралы айналасындағылардың көзқарастары қаншалықты сәкес екенін анықтау.	Баранова В.А. Имидж личности как социально-психологическое явление // Магистр. – 1994. - №2. – 2-9с.
2	Андреева Г.М.	Имидж - бұл қабылдайтын заттың ерекше «бейнесі», қабылдау ракурсы әдейілеп объектінің тек қана нақты бір жақтарына назан аударуға мақсатталған.	Социальная психология / Учебник для вузов. - М.: Наука, 1994. - 329 с.- 179 с.
3	Берд П.	Имидж-қоршаған ортаға жалпы әсер ету. Ол өз кезегінде сіздің идеяларыңызды ұсыну, қоғамда қзіңізді ұстау, киім кию үлгісі, сөйлеу және жасап жатқан іс- әрекеттен көрініс табады.	Берд П. Поддай себя! Эффективная тактика улучшения вашего имиджа / Пер. с англ. Т. А. Сиваковой. — М.: Амалфея, 1997. - 208 с.-65-72с.
4	Тоқсанбай С.	Имидж (лат. Imago – бейне, түр) - іскер адамның бет-бейнесі, оның қоғамдағы беделі. Мұның өзі нарықтық қатынас жағдайында кәсіпкер бизнесінің дамуына тікелей ықпал етеді.	«Қазақстан» ұлттық энциклопедия, «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, Алматы, 2002, 50б.

2 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
5	Лебон Г.	Имидждеу мәні «тұлғалық әсерлілік» эффектісі арқылы саяси жетістікке жету құралы ретінде қарастырған. Имидждеуді психологиялық негіздеу әлеуметтік және саяси психологияның зерттеу объектісі мен пәніне айналған.	В.М.Шепель «Имиджелогия как нравиться людям.- М.: Народное образование, 2002.-78с.
6	Нысанбаев Ә.	Имидж-іскер адамның бет-бейнесі,оның қоғамдағы беделі.	Қазақстан.Ұлттық энциклопедия. Алматы - 2002-720б.
7	Грекулова О.Д.	Имидж-мақсатты қалыптастыратын бейне, танымал ету мақсатында біреуге эмоционалды -психологиялық әсер ету.	Педагогический энциклопедический словарь.М.;2003-С.103
8	Шепель В.М.	Имидж – адамдармен қарым -қатынас құруға көмектесетін ерекше адами құрал.	Имиджелогия: секреты личного обаяния. – Ростов н/Д: Феникс, 2005. – 472 с.-64с.
9	Маркин В.М.	Имидж – бұл бетперде емес, өзінің кәсіби бейнесін безендіру емес. Бұндағы өзегі арнайы имидж сигналдары арқылы өзі туралы, өзінің терең (тұлғалық және кәсіби) көзқарастары, идеал, жоспар, іс-әрекеттері туралы ақпарат беру.	Васищева А.В., Ненашева А.В. Имидж: определение центрального понятия имиджелогии // Социально-гуманитарные знания. - 2005. - № 4. - С. 311 – 317.
10	Золотовская Л.А.	Педагогтың кәсіби имиджінің негізгі құрамдас бөліктерінің бірі болып оның үстемдігі (авторитет) болып табылады.	Особенности профессионального имиджа педагога: социально-психологический аспект//PR в образовании.-2005.-№3-124с.
11	Еникеев Л.	Имидж-жаппай санаға нақты әсер ету мақсатында субъектінің стереотипті, сыртқы бейнесі.	Психологический энциклопедический словарь.М.2006-С.109
12	Кайбиянен А.А.	Кәсіби имидж тұлғалықтың түрі ретінде оны күрделі тұлғалық құрылым деп сипаттайды, ол өз кезегінде көпкомпонентті құрылымы бар оған интеллектуалды, коммуникативті, адамгершілік және басқа да құрамдас бөліктер кіреді.	Корпоративная культура вуза и профессиональный имидж его выпускников / А.Кайбиянен //Высш. Образование в России. – 2007. - №9. – С.71-77. – 38 с.
13	Панфилова А.П.	Имидж құрылымы: Сыртқы бейне, Әлеуметтік- рөлдік сипаттамалар, Имидждік символикалар, Жеке -тұлғалық сапалар.	Имидж делового человека. М., СПБ ИВЭСЭП – 2007. – 496с.- 23-25с.

2 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
14	Гончаров М.А.	Имидж – тұлға немесе әлеуметтік құрылым туралы арнайы қалыптастыратын визуалды әсер.	Основы менеджмента в образовании: учебное пособие / 2-е изд., – М.: КНОРУС, 2008. - 480 с.-394с.
15	Калюжный А.А.	Сыртқы түрі педагогтің кәсіби имиджінің маңызды құраушысы, ол педагог тұлғасына ғана әсер етіп қоймайды, сонымен қатар оның кәсіби іс әрекетіне баға береді.	Социальная психология имиджа учителя. М., «Высшая школа» 2008.- бс.
16	Носкова М.В.	Имидж – мінез құлық моделін дұрыс таңдау, нақты жағдаятта дұрыс шешім қабылдауға бағытталған нәтиже.	Культура и правила поведения преподавателей вузов как составляющая часть их имиджа. // PR в образовании. – 2009. - №2. – С. 103-106. – 103с.
17	Түймебаев Ж.Қ.	Педагог имиджі (бейнесі) – тәрбиеленушілердің, әріптестердің, әлеуметтік орта, көпшілік санасына қабылданған мұғалімнің эмоционалды боямаланған таптаурын бейнесі. Имидждің қалыптасуында бар қасиеттер қасындағылардың оған қосатындарымен тығыз байланысты.	Білім және ғылым Энциклопедиялық сөздік, Астана, 2009ж -194-б.
18	Рапацевич Е.	Имидж – жаппай санадағы нақты объекттің стереотипті бейнесі. Имидж индивидтің шынайы мінез- құлқы негізінде қалыптасады.	Педагогика. Современная энциклопедия. Минск, 2010-720с.
19	С.Д.Якушев	Педагог имиджінің құрамдас бөліктеріне жатады: интеллектуалдық мәдениеті, әдет ғұрып мәдениеті, сөздік мәдениеті, орта мәдениеті, көркем мәдениет. Имидж – педагогикалық шеберліктің маңызды компоненті.	Педагогический имидж современного преподавателя высшей школы // Актуальные проблемы педагогики и психологии, Часть I: Материалы МПН заочной конференции, 2011г. Новосибирск: 71-82с.
20	Құдайбергенова Ә.М., Смайлова А.	Педагогтың имиджі мынандай құрамнан тұрады: жеке және тұлғалық қасиеттер, коммуникативтік қасиеттер, кәсіби іс-әрекеттің және мінез-құлықтың ерекшеліктері.	Педагог имиджі мәселесін зерттеудің теориялық негіздері/ KazNU Bulletin. Psychology and sociology series. №3 (54). 2015-Б.45-48
21	Төлеубекова Р.	Имидж-адамның өмірде көрінуінің түрлері, адамның өзіндік өмір сүру стилі. Имидж ең алдымен адамның ішкі мәдениетіне байланысты.	Әдеп негіздері. оқу құралы. Алматы-2012-176б.
22	Астахов А.П.	Имидж-қоғамдағы жаппай санада нақты бір объект туралы қалыптасатын бейне.	Новейший психолого-педагогический словарь. Минск, 2012

2 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
23	Мынбаева А.К.	Имидж – ақпараттық қоғам жағдайында педагогке аса қажет көбіне ақпараттық қабық, белгілі ақпараттық дереккөз.	Имидж преподавателя вуза. Теоретические основы и практика/менеджмент в образовании №7, 2013-С.76
24	Курманова Б., Жумабек Т.	Имидждегі тартымдылық –жағымды келбет қалыптастыруда маңызды болып табылатын адамның өз ісіне сенімділігі мен өміріне деген ккңілінің толуы арқылы қуанышты, психологиялық жайлылықты сезіну.	Бастауыш мектеп педагогының имиджін талдау және бағалаудағы қолданылатын әдістмелердің сипаты мен мазмұны //ҚазХҚжӘТУ Хабаршысы Педагогика ғылымдары сериясы №3 (34) 2014
25	Дүйсенбаев А.К.	Бедел- бұл педагогтың біртұтас педагогикалық үдеріс мүшелерімен әрекеттестігі барысында құрылатын субъектінің символикалық бейнесі.	Мұғалім беделінің педагогикалық негіздері//Білім беру мекемесі басшыларының анықтамалығы №6, 2014-Б.28
26	Коробчиц У. А.	Дене мәдениеті педагогының имиджі - БАҚ немесе өзге адамдардан алынған ақпарат негізінде қалыптасқан қоғамның ол туралы көзқарасы, оның кәсібі туралы. Имиджі болашақ дене мәдениеті педагогтарын даяралу барысында жоғары оқу орнында оқу барысында қалыптастыру қажет.	Имидж учителя физической культуры/ Молодой ученый. - 2022. - № 21 (416). - С. 450-452. URL: <a href="https://moluch.ru/archive/416/92081/">https://moluch.ru/archive/416/92081/</a>
27	Метляева Т.В., Ларкина Н.А.	Имидж педагогтың өткен тәжірибесінен қалыптасады және күрделі, жүйелі құрылым болып есептеледі. Өзінде көптеген құрылымдық функционалдық элементтерді үйлесімдікпен сақтайтын, біртұтас сипатқа ие	Особенности формирования имиджа педагога в современной российской культуре// Вестник Владивостокского государственного университета . 2023. Т. 15, № 2. С. 127–141


Осылайша, ұсынылған кестеден имидж педагогтің мінез-құлық моделінің дұрыс таңдауы, өзінің кәсіби қызметінде басқалармен (оқушы, ата-ана, ұжым, әріптестер, басшылық) тұрақты және үйлесімді қарым-қатынас құрудың тиімді әдістері мен құралдарына ие екенін қорытындылауға болады.

С.М. Байкенова «Заманауи педагогтің жетістігінің құрамдас бөлігі - оның имиджі. Сурет әр адамға тән, бірақ оның өмір сүру барысында имидж оның практикалық қызметінің ерекшелігін, өзін-өзі тануды ескере отырып қалыптасады. Жақсы ойластырылған имидж педагогтің мәртебесін арттырады, жоспарланған жобаларды сәтті жүзеге асыруға көмектеседі» деп түйіндеген [104, б. 15].

Отандық зерттеуші ғалым А. Дүйсенбаевтың келесідей пікірімен толықтай келісеміз: «Беделдің қалыптасуына педагогтің әлеуметтік ортасы зор ықпал етеді. Ұжымда инновациялық ортаны қалыптастыру, сонымен қатар қызметтің барлық кезеңінде әріптестерді қолдау кез келген педагогтің өзін іс жүзінде көрсетуінің ажырамас шарты болып табылады» [109].

Біздің ойымызша, бедел имидж құрамына кіретін имиджге қарағанда кеңірек ұғым. Бедел дегеніміз қабылданған құндылықтар жүйесі негізінде осы қоғамның, топтың мүшелері бөлісетін әртүрлі объектілердің, құбылыстардың әлеуметтік маңыздылығын салыстырмалы бағалау, мұндай бағалаудың объективті критерийі, сайып келгенде, нысанның белгілі бір әлеуметтік қажеттілікті қанағаттандыру қабілеті болып табылады.

«Имидж» ұғымы туралы ғалымдардың зерттеулеріндегі түсініктерді біз топтастырып төмендегі сурет түрінде көрсетуге тырыстық: (сурет 4) [110].



Сурет 4 – «Имидж» ұғымы туралы ғалымдардың зерттеулеріндегі түсініктер

Б.Г. Ананьев төрт блоктан тұратын үлгі бойынша имидж түзуші факторлардың құрылымын ұсынады. Біріншісіне табиғи (биогенетикалық) сипаттамалар, екіншісіне - жеке, үшіншісіне - әлеуметтік-эмпирикалық және төртіншісіне (екінші және үшінші блоктың сипаттамаларына объективті әсер ететін) – символдық сипаттамалар жатады [36, б. 17].

А.К. Мынбаева ЖОО оқытушысының имиджін және мектеп педагогының имиджін салыстыра отырып, келесі жалпы көрсеткіштерді анықтайды: кәсібилік, құзыреттілік және эрудиция, педагогикалық шеберлік деңгейі, табыстылық, қызмет нәтижелерінің мақсаттылығы, марапаттары мен жетістіктері [111].

ЖОО оқытушысының педагогикалық имиджінің құрамдас бөлімдерінің тізімі кеңірек: академиялық имидж, ғылыми имидж, халықаралық имидж, қоғамдық имидж (кесте 3).

Кесте 3 – Мектеп педагогі мен ЖОО оқытушысы имиджінің салыстырмалы сараптамасы (Мынбаева А.К.)

Мұғалім мен оқытушы имиджінің жалпы көрсеткіштері	ЖОО оқытушысы имиджінің ерекшеліктері
1. Кәсібилі	1. Академиялық имидж
2. Құзыреттілік пен эрудиция	2. Ғылыми имидж
3. Педагогикалық шеберлік деңгейі	3. Халықаралық имидж
4. Табыстылық	4. Қоғамдық имидж
5. Іс-әрекет нәтижесінің мақсатты бағыттылығы мен мақсатты жетімділігі	
6. Марапаттар мен жетістіктер	

Заманауи түсінік бойынша имиджге қатысты үш негізгі көзқарас бар, сонымен бірге имидж жіктелуінің негізі болып табылады, олар: функционалды, контекстік, салыстырмалы.

Ф. Джефкинс және Д. Юдин функционалды тәсілге тән имидждің бірнеше мүмкін нұсқаларын ажыратады: айнадай көшірмелі, ағымдағы, қалаулы, ұжымдық және тұтастық. Оларды ретімен қарастырып көрейік [112]:

1. Айнадай көшірмелі. Бұл біздің өзіміз туралы түсінімізге тән имидж. Біз айнаға қарап, кім екенімізді талқылаймыз. Әдетте, имидждің бұл нұсқасы неғұрлым тартымды болады, өйткені психологиялық тұрғыдан біз әрқашан өзімізге қатысты позитивті бірінші орынға қоямыз, ал әлсіз жағы – бөтен адамдардың пікірін минималды есепке алу.

2. Ағымдағы. Имидждің бұл нұсқасы адамның ол туралы тікелей, қарым-қатынас кезінде және жанама, басқа ақпарат көздері арқылы алынған ақпараты бар адамдардың бағалауын көрсетеді. Имидждің бұл нұсқасының әлсіз жағы-адамның нақты іс-әрекеттері туралы жеткіліксіз немесе бұрмаланған ақпарат болған кезде, имидждің қалыптасуына әсер ететін жеке тұлғаға қатысты түсініспеушілік немесе алалаушылық пайда болуы мүмкін.

3. Қалаулы. Имидждің бұл түрі біз қандай имиджге, идеалға ұмтылатынымызды көрсетеді.

4. Ұжымдық. Бұл жеке бөлімшелердің немесе оның жұмысының нәтижелерінің емес, тұтастай ұйымның имиджі.

5. Тұтастық. Бұл бір корпорацияның орнына бірқатар тәуелсіз құрылымдар болған кезде пайда болатын сурет. Бірегей (көп емес) имидж белсенді түрде нығайтылуда.

Имиджге деген контекстік көзқарас дегеніміз, ол тұтас, үйлесімді болуы керек, іске асыру шарттарын ескеруі керек, ал оның жеке ерекшеліктерінің бір - біріне қайшы келмеуі керек.

Имидждің жүйелік сипаты бір көрінетін сызық бойынша бұқаралық санада тиісті сипаттамаларды тудыруға мүмкіндік береді.

Ағылшын зерттеушісі Э. Сэмпсон [113] жеке имиджді қарастырған кезде критерий ретінде сыртқы және ішкі факторлардың үйлесімін айқындап көрсетеді:

1) өткен тәжірибеден туындайтын және өзін-өзі бағалаудың заманауи күйін көрсететін өзіндік имидж. Бізді құрметтеу үшін біз алдымен өзімізді құрметтеуіміз керек. Көбінесе өзіндік имидж қабылданған имиджбен сәйкес келмеуі мүмкін;

2) қайта өңделген және бағаланған ақпаратты білдіретін қабылданатын имидж. Бұл басқалар бізді қалай көретіндігінде, бірақ біз көбінесе бізге қалай қарайтындарын біз туралы пікірі қандай екендігін білмейміз;

3) қазіргі уақытта белгілі бір ұйымда ең қажет болып табылатын қажетті имидж. Бұл олардың имидждік сипаттамаларын анықтайтын нақты кәсіптермен байланысты. Кейбір жағдайларда киім түрі де бұған көмектеседі.

Қажетті имидж белгілі бір имидждік сипаттамалардың болуын болжайды, Олар бір адамды екінші адамнан бағдарлануына байланысты ажыратады.

Бұл типология имиджге деген көзқарасты әртүрлі тұрғыдан көрсетеді, атап айтқанда: өзінің «Мен» және басқа адамдар тарапынан, шындық пен тілектер жағынан.

Келесі тәсіл - салыстырмалы. Бұл жағдайда біз имидждік сипаттамаларды, мысалы, екі саяси үміткерді, екі компанияны, екі өнімді салыстырамыз.

Мұндай нақты жіктеу PR-науқандарға қол жеткізуге болатын нақты мақсаттарға ие болу үшін қажет.

Имидж - бұл адамның әртүрлі кедергілерді айналып өте алатындығы туралы хабарлама жіберуінің ең тиімді әдісі. Демек, кескін идеясы қоғамдық немесе сыртқы «Мендігі» адам ретінде пайда болады, ол көбінесе оның ішкі «Мен» - нен өзгеше болуы мүмкін. Сіздің бейнеңіз - сіз басқаларға көрсететін портретіңіз. Бейне сізге қарсы емес, сіз үшін жұмыс істеуі керек.

Сондай-ақ, А.Н. Жмыриков жасаған имидж түрлерінің жіктелуіне назар аудару керек деп, ол «идеалды», «бастапқы» және «қайталама» имидждерді ажыратады [114].

Идеалды имидж - бұл адамдардың көшбасшы туралы жалпы көрінісі, бірақ идеалды имидж әдетте қол жетімді бола бермейді.

Бастапқы имидж - бұл белгілі бір адамның идеясы, онымен алғаш танысқаннан кейін көптеген адамдардың санасында қалыптасқан. Бастапқы имидж көбінесе идеалды имиджге ұқсас келеді, бірақ оған сәйкес келмейді.

Қайтарымды имидж бәсекелестік барысында ғана қалыптасады. Бұл имидж идеалды бейнелейтін көшбасшыны табуға деген ұмтылыс пен бейнесі идеалға қайшы келетін көшбасшыдан аулақ болуға деген ұмтылыс арасындағы ымыраға келу.

Отандық ғалым Г.К. Кусаметованың идеясы бізге ерекше құнды болып көрінеді, ол имидждің қалыптасуы өзін-өзі тануға, өзін-өзі көрсетуге және жеке, тұлғалық және кәсіби-белсенділік салаларында өзін-өзі көрсетуге бағытталған белсенді, саналы және мақсатты іс-әрекеттің арқасында жүреді деп санайды [42, б. 35].

Ә.М.Құдайбергенова, А.Смайлова: педагогтың имиджі мынандай құрамнан тұрады: жеке және тұлғалық қасиеттер, коммуникативтік қасиеттер, кәсіби іс-әрекеттің және мінез-құлықтың ерекшеліктері. Жаңа қоғам педагогтың имиджіне жаңа талаптар қояды, бірақ замандар бойы ұстаздың бойында өзгермейтін мынандай қасиеттер бар: балаларды жақсы көру – мейірімділік – шынайылық – тілдесе алу икемділігі [115].

Л.М. Митина ұсынған кәсіби мұғалімнің имиджінің құрылымында [116] сыртқы, процедуралық және ішкі құрылымдар ерекшелене беріледі.

Сыртқы құрылым мыналарды қамтиды:

Мінез-құлық (мимика, ым-ишара, дауыс ырғағы мен күші, жүріс-тұрыс, шаш үлгісі); киім және аксессуарлар.

Дауыс - мұғалімнің дыбыстық бейнесі, оның негізгі еңбек құралы. Оқытушы – бұл өзіндік сахнадағы әртіс, ал білетініміздей, бір ғана дауыстың өзімен, еліктіруге, аудиторияны меңгеруге болады. Сондықтан өзіңіздің сөйлеуіңізді игеру, оны жаттықтыру, дикцияны дамыту өте маңызды. Ешқандай жағдайда дауыс қатты «ұрсу» сияқты естілмеуі керек. Бұл бірден осындай сөйлеуді қабылдамауға итермелейді. Сонымен қатар, «Мен айқайлап жатқаным жоқ, менің даусым сондай» деп ақталу күлкілі жайт. Мұғалім үшін мұндай дауыстық мәнер - бұл кәсіби жарамсыздықтың белгісі [106, б. 87].

Бір таңқаларлығы, ақпараттық технологиялардың кең дамуы кезеңінде де мұғалімнің «жанды» сөзі үлкен әсер етеді.

Оқытушыға, сондай-ақ, өз ымын бақылап отыру қажет. Мимика тек мейірімді болуы керек.

Имидждің құрылымын қарастыра отырып, авторлар тобы имидж ұғымы жекебасылық ұғымға жақын, бірақ жеке тұлғаның табиғи қасиеттерін ғана емес, сонымен бірге арнайы жасалғанын да айтады. Сонымен қатар, ол адамның сыртқы келбеті мен ішкі әлемі, оның психологиялық түрі туралы айтады.

Л.К. Аверченко имидждің келесі құрылымдарына анықтама береді [117] (сурет 5):

1. Кәсібилік және құзыреттілік.

2. Адамгершілікті тұрғыдан сенімділік. Адамгершілік адамның тәжірибесімен тексерілген моральдық өсиеттерге сәйкес өмір сүру қажеттілігін түсінеді, ал азғындық әрқашан өзінің құмарлықтары шеңберінен шыға алмайды, оның идеалы – білгенін істеумен шектеледі.





Сурет 5 – Педагог имиджінің құрамдас бөлімдері (Л.К. Аверченко)

3. Гуманитарлы білімділік. Гуманитарлық мәдениеттің арқасында адам әртүрлі ақпаратты игеруге, оны сезімтал және ұтымды өңдеуге мүмкіндік алады.

4. Психотехнология саласы бойынша құзыреттілік. Психотехнология адамның қоршаған ортамен өзара әрекеттесуін қамтамасыз ететін динамикалық жүйе ретінде қарастырылады.

В.Н. Черепанова [105, б. 78] бойынша имидж әртүрлі тұлғалық қалыптасулардың (қажеттіліктер, қабілеттер, құндылық бағдарлары, көзқарастар, өзіндік тұжырымдамалар Мен-қағидасы және т.б.) қарым-қатынастарының тепе-теңдік деңгейін көрсететін қоғаммен, оның мәдениетімен үнемі өзара әрекеттесетін мұғалімнің динамикалық сипаттамасы ретінде анықталады. Жекебасылық имидждің сипаты оның табиғи, әлеуметтік және мәдени ортамен үйлесімді өзара әрекеттесуімен және жеке құрылымдардың тепе-теңдігінің жоғары деңгейімен оң немесе теріс – имидждің қоршаған ортамен үйлесімді емес өзара әрекеттесуімен, жеке құрылымдардың тепе-теңдігінің төмен деңгейімен немесе осы және басқа факторлардың қатысуымен болуы мүмкін.

Критерийлерге байланысты имидждің бірнеше жіктелуі бар.

1. Аудиторияға эмоционалды әсер ету дәрежесі бойынша имидждің екі түрі бөлінеді, олар: оң және теріс.

2. Әсер ету тақырыбы бойынша: жеке, тауарлық және топтық.

3. Әсер ету мақсаты бойынша олар қоғамдық, кәсіби, іскерлік, коммерциялық және саяси имидж болып бөлінеді.

4. Мақсатқа жету дәрежесі бойынша: тиімді және тиімсіз.

5. Өзін-өзі бақылау дәрежесі бойынша: өздігінен және басқарылатын.
6. Тағайындау бойынша: өзіндікәсқақтату, өзіндікбекітімді, мақсатты.
7. Имидж өмір сүру ұзақтығы бойынша жалпы немесе ситуациялық болып табылады.

8. Көрініс өлшемдері бойынша: орта, ауқымды, материалдандырылған, ауызша, кинетикалық (А.Ю. Панасюк ұсынған жіктеме) [23, б. 77].

Қоршаған орта имиджі - бұл тұрғын үй, кеңсе, автокөлік, сондай-ақ ең жақын орта: отбасы, әріптестер, достар, әлеуметтік байланыстардың негізгі арналары (клубтарға, кәсіби қауымдастықтарға мүшелік, кездесулер, сүйікті демалыс орындары).

Келбеттік имидж – бұл шаш, макияж, костюм және т. б. кіретін сыртқы көріністің құрылымдары (әдеті-сыртқы түрі).

Позитивті келбеттік имидж адамды теріс әсер тудыратын әлеуметтік топпен байланыстырмауы керек, керісінше, қоғам оң көзқараспен қарайтын әлеуметтік топпен байланыстыруы керек деп саналады.

Қоғамдастырылған имидж - бұл адам жасаған заттар мен тауардың: құжаттар, іскерлік хаттар, жарнамалық өнімдер, визит карточкасы, түйіндеме, іскерлік хат, мақала, кітап, бұқаралық ақпарат құралдарындағы сөз сөйлеулер және т. б.

Вербальды имидж - бұл вербальды өнім деп аталады: адам не және қалай айтады, қалай жазады.

Кинетикалық имидж (вербальды емес) – бұл ым – ишара (сөйлеу кезінде қолдың қозғалысы), дененің немесе дене бөлімдерінің кеңістіктегі орны, яғни адам туралы оның кинесикасы негізінде пайда болатын пікір-әдеттегі қимыл-қозғалыстардың сипаты немесе дене бөлімдерінің кеңістіктегі орны. Мұндай ақпарат көбінесе санасыз түрде қабылданады және адамдардың санасына әсер етеді.

Г.Г. Почепцовтың функционалды тәсілі жалпы қабылданған болып саналады, онда имидж үш түрге бөлінеді: айнаимиджі – адам өзі туралы елестететін бейне; ағымды – бұл басқалар көретін бейне; қалаулы – бұл теориялық тұрғыдан жасалған идеалды бейне, оған ұмтылу керек [90, б. 270].

Имиджді күрделі көп деңгейлі категория ретінде төрт бағытқа бөлуге болады: жеке, кәсіби, әлеуметтік және рәміздік.


Жекебасылық имиджге жеке тұлғаның жеке ерекшеліктері (адалдық, әдептілік, білім беру, мейірімділік, адамгершілік, міндеттілік, ақыл, немқұрайдылық, энергия, айқындық, жастық, сенімділік, харизманың болуы, адамдарға жетекшілік ету қабілеті, адалдық, ашықтық) кіреді.

Кәсіби имидж құзыреттілікті, тиімділікті, өнімділікті қамтиды. Динамикалық сипаттамалар (қуаттылығы, іс-әрекеті, белсенділігі) және көшбасшы шешетін міндеттердің маңыздылығы ерекше маңызды. Егер президент туралы айтатын болсақ, оның бейнесі іс-әрекетпен белсенді түрде байланысты болуы керек, бірақ қарапайым, күнделікті емес, атап айтқанда мемлекет басшысы ғана жасай алатын істермен айқындалуы қажет.

Әлеуметтік имидж адамдарға қамқорлық жасауды, халықтың проблемаларына жақындықты, ұрлық пен қылмыспен күресуге дайын болуды қамтиды. Бұл элемент саяси шындықпен тығыз байланысты жалпы имидждің ең мобильді бөлігі болып табылады.

Рәміздік имидж - тұтас саяси имидждің коммуникативті өрістегі ең тұрақты құрылымы, ол белгілі бір идеологияның тасымалдаушысы ретінде көшбасшыны немесе ұйымды білдіреді, жарияланған іс-қимыл бағдарламасымен байланысты белгілі бір болашаққа кепілдік береді.

В.Н. Черепанова педагогтің жеке имиджінің бірқатар қызметтерін ажыратады: коммуникативтік, ақпаратты, когнитивті, эмотивті, конативті, креативті педагогикалық қызмет контекстінде тәрбиелік және білім беру қызметтерімен өзара байланысты (сурет 6).



Сурет 6 – Педагогтың жекебасылық имиджінің қызметтері (В.Н. Черепанова)

В.М. Шепельдің түсінігі бойынша имидждің басты мақсаты – жекебасы тыртымдылық тиімділігіне жету [35, б. 22]. (Имидж қызметтерін толық меңгерген адам басқаларды өзіне икемдей білу сиқырына ие болады) Ол тек жекебасылық имидждің қызметтерін мқарастырады және оны іс жүзінде қолдануға баса назар аударады.

О.В. Лысикова имидждің негізгі қызметтеріне толық сипаттама береді [97, б. 13] (сурет 7):

- кәсіби қызмет адамға өзін-өзі заманауи өндірістің, бизнестің, мәдениеттің, саясаттың, білімнің белгілі бір саласында жүзеге асыруға мүмкіндік береді;



Сурет 7 – Педагог имиджінің қызметтері (О.В. Лысикова)

- бейімделулі қызмет белгілі бір ортаға, топқа, әңгімеге ыңғайлы бейімделу үшін қажет;

- жекебасылық жүзеге асырылу қызметі белгілі бір қызмет саласына қатысты жеке қабілеттер мен бейімділіктерді барынша ашуға мүмкіндік береді;

- аксиологиялық қызмет маманды субъективті және объективті әлемде бағдар болып табылатын жеке және кәсіби құндылықтарға бағыттайды;

- эвристикалық қызмет маманның назарын кәсіби жетістікте, ғылыми ашуда, бірегей шығарма жасауда өзінің шығармашылық әлеуетін іске асыруға аударды;

- психотерапевтік қызмет бұл адамның өзінің маңыздылығын, психологиялық тұрақтылығын, сенімділігін, оптимизмін түсінуден тұрады;

- коммуникативті қызмет маманға барлық деңгейлерде қарым-қатынасты оң ұйымдастыруға және жүзеге асыруға, одан барынша ақпарат алуға, сондай-ақ әңгімелесушіге немесе аудиторияға қажетті бағытта әсер етуге мүмкіндік береді.

